Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№46 (945)

22.11.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАСПАСӨЗ-2020

«АЛАТАУДЫҢ» АЙТАРЫ БАР

Ақпарат құралдары арасында ойып тұрып орын алған төл басылымның бірі де бірегейі «Алатау» қоғамдық саяси газеті. Нұр-сұлтан, Алматы қалалары мен Алматы, Ақмола, Қызылорда облыстарында оқырманы бар басылым. Газет-журналдарға жазылу науқаны басталғалы бері, облыс, қала көлеміндегі оқырмандарымен де жүздесіп жүрген редакция ұжымы Талдықорған қаласын да аралады.

2000 жылдың тамызынан бастап жарық көрген «Алатау» қоғамдық-саяси газетіне келер жылы 20 жыл толады. Осы 20 жылдың ішінде облыс экономикасы мен саяси-әлеуметтік мәселері жөнінде көлемді мақалалар оқырманға жол тартты. Оның ішінде, тарихи тұлғалар, Жетісудың көрікті табиғаты, «Руани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында, мәдени, денсаулық, заң саласында қалам тербеген журналистер халықтың мұң-мұқтажын арқалаған басылым жайлы, Талдықорған қалалық Қазпошта бөлімінің басшысы Бағлан Мусин мен қызметтерді ілестіру бөлімінің бас маманы Айгерім Маликбазаровамен жүздесіп, Талдықорған қаласы бойынша баспасөзге жазылу қалай жүріп жатқанын сұрап қайтты.

Бағлан МУСИН, Талдықорған Қазпошта бөлімінің басшысы: - Баспасөзге жазылу науқаны енді қарқын ала бастады. Оның ішінде «Алатау» қоғамдық-саяси газеті де бар. Қала бойынша Алатауға 600 дана жазылуы тиіс. Бізде 17 пошта бөлімшесі бар, соларды түгел аралап шықтық. Желтоқсан айының 20-сына дейін уақыт бар, өздеріңіз де үгіт-насихатты күшейтіңіздер. Шынын айтайын, «Алатау» газеті оқылымды басылым, өзім жиі парақтап отырамын. Облыс экономикасынан бастап, өңірдегі жарық көретін айтулы басылымдардың азуы батып жаза бермейтін шынайы сыный мақаланы осы «Алатаудан» оқимын. Заман ағымына қарай, қазір халықтында сана сезімі оянған, кіл мақтаудан гөрі, әрине жақсыны жақсы дегенге не жетісін, бірақта, көзге бадырайып көрініп тұрған кемшілікті ақпарат құралдары, журналистер айтпаса оның несі төртінші билік. Сондықтан Алатауға сәт сапар тілеймін. Оқырмандарың көбейе берсін.

Айжан Маликбазарова, қызметтерді ілестіру бөлімінің бас маманы: - Баспасөзге жазылу бойынша қазіргі таңда сұраныста тұрған «Ана тілі», «Жас Алаш», облыстық «Жетісу», «Казправда», «Егемен Қазақстан», «Огни Алатау» бар. Осы айтулы басалымдарға жазылуға мұғалімдер белсенділік танытуда. Сонымен қатар, жабылып жатқан газет-журналдар да бар. Мәселен, «Президент және Халық», «Періште» журналы. Бізді алаңдатып отырған жайт журналдардың мерзімінен кешігіп келуі. Осы тараптан сәуір айынан бері жорналды алмаған мұғалімдер шағымданып келуде. Біз оларды тіркеуге алып, шағымдарын қабылдап, редакцияға тікелей хабарласып, себеп-салдарын түсіндіреміз. Болмаса, ақшасын қайтарып береміз. «Алатау» қоғамдық саяси газетіне жазушылар енді-енді келе бастады. Бізде пошта дәлізінде сатылымға қойға газеттер бар, солардың арасында сіздердің Алатау жоқ, Осы жайды ескерсеңіздер екен!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындарына
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

ОН АЙДЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ ЖЕДЕЛДЕП, 10 АЙДА 104,5 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ, ОСЫ ЖЫЛЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ БІР ТРЛН. ТЕҢГЕГЕ ЖЕТЕДІ ДЕП КҮТІЛУДЕ. БҰЛ ТУРАЛЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА 10 АЙДЫҢ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ӨТКІЗГЕН БРИФИНГІСІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ АЙТТЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Амандық Баталовтың хабарлауынша, облыс үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өте өзекті. Аталған бағдарлама өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін толықтай ашуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні жалпы сомасы 89 млрд. теңге болатын 111 жобаның ішінен банктер 10,3 млрд. теңгеге 20 жобаны мақұлдады.

* * *

ШАҒЫН және орта бизнесте 252 мың адам жұмыс істейді, олар шығаратын өнімдер мен көрсететін қызметтердің көлемі биыл 1,4 трлн-ға дейін өспек. Өңір басшысының сөзіне сүйенсек, шағын және орта бизнесте жақсы көрсеткіштерге мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткізілді, бұл көрсеткіш қазір 9 млрд.теңгеге жеткен.

Биылғы жылдың өзінде ғана «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде сомасы 4,4 млрд. теңгеге 232 кәсіпкер көмек алды. Ал нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 5,5 млрд. теңгеден астам қаржыға 1300 микрокредит берілген.

- Осылайша шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесін 2050 жылға қарай екі есе арттыру міндетіне қол жеткізуге мүмкіндік мол. Егер соңғы бес жыл ішінде бұл көрсеткіш 25-26 проценттен аспаса, өткен жылы 32 процентке жетті (ҚР-28%), биылғы жылы 33,5 процентке жеткізу жоспарланып отыр, - деді облыс әкімі А.Баталов.

* * *

ЖЕТІСУ өлкесінің аумағында туристік тұрғыда қызығушылық тудыратын 162 жер бар, оларға биылғы жылы екі миллионнан астам турист келген.

- Біздің «Инфрақұрылым-Инвестициялар-Маркетинг» атты табыс формуламыз соңғы бес жылда туристер легі өсімін 2,5 есеге, ақылы қызметтер көлемін - 3,5 есеге, орналастыру нысандарын 1,5 есеге өсіруді қамтамасыз етті, 40 млрд.теңге жеке инвестициялар тартылды, - деді А. Баталов.

Баяндамада өңірдегі көз тартатын жерлер ретінде Алакөл көлі (1,3 млн. адам), тау кластері нысандары (650 мың адам), соның ішінде Қапшағай су қоймасы (340 мың адам), Көлсай мен Қайыңды көлдері (80 мың адам), ыстық су көздері (72 мың адам), Шарын шатқалы (20 мың адам) және «Алтынемел» ұлттық паркі (18 мың адам) атап өтілді. 8 мың нысан туралы ақпарат және олардың геолокациясы жүктелген. Өңірлік сайт жасалып, табысты жұмыс істеуде (www.zhetysu.travel).

* * *

АЛМАТЫ облысының инвестициялық портфелінде 40 мың жұмыс орны құрылатын, жалпы құны 4,9 трлн. теңгелік 421 жоба бар. Аймақта қалыптасқан қолайлы инвестициялық климаттың арқасында республикадағы 19 трансұлттық компанияның 9-ы өңірге тартылған. Олардың ішінде өткен жылы екі зауыт - «WILO» неміс компаниясының сорғы құралдарын өндіру зауыты мен қазақстандық ұннан экспортқа бағытталған азық-түліктің 30 түрін өндіретін «Маревен Фуд» зауыты іске қосылды.

Сонымен бірге қыркүйек айында қуаттылығы 100 мың тонна болатын ресейлік «Лукойл» компаниясының майлау материалдарын шығаратын зауыты іске қосылды, 36 млрд.теңге инвестиция тартылып, 225 жұмыс орны құрылды.

Жыл соңына дейін Біріккен Араб Әмірліктерінің «Феникс» компаниясының қуаты жылына 60 мың тонна болатын құрамажем зауыты іске қосылып, 102 жұмыс орны құрылады (5,2 млрд.теңге).

Сондай-ақ, сингапурлық компанияның қатысуымен желтоқсан айында қуаттылығы жылына 1,2 млн.тонна болатын «АлаЦем» цемент зауыты іске қосылады (инвестиция - 47 млрд. теңге, 360 жұмыс орны). Бұл - облыстағы алғашқы цемент зауыты, аталған зауыт өңірдің сұранысын толық жауып, өз өнімін Орталық Азия елдеріне, Қытай мен Моңғолияға экспорттайтын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КУРС

48 ТЫҢДАУШЫ ДӘРІС АЛДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған қазақ тілін кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшіру жұмыстары облысымызда кеңінен қарқын алуда.

Соның бірі ретінде білікті басшы Айгүл Қалысбаева жетекшілік ететін «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Текелі қалалық филиалында 2019 жылдың тамыз айынан бастап «Латын әліпбиінің емле ережелерін меңгеру» тақырыбындағы 24 сағаттық курс жүргізілуде.

Латын әліпбиін оқытудың тиімді тәсілдерін меңгеру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласында Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-қазына" ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығында "Жаңа емлені оқыту әдістемесі" тақырыбындағы тренерлерді дайындайтын 72 сағаттық республикалық курстан өтіп қайтқан аталмыш орталықтың оқытушысы Ақтоты Жексенбекқызы тыңдаушыларға латын әліпбиін жедел меңгерудің жолдарын үйретіп, саналарына сіңіруде. Соның арқасында, қазірдің өзінде латын әліпбиі емлелерінің ережелерін меңгеру жөнінде 48 тыңдаушы дәріс алып, курсты аяқтағандықтары туралы анықтамалар алды.

Бұл күндері латын әліпбиін үйренуге ықылас білдіргендердің жаңа легі тіл орталығында дәріс алуда.

Шора БАТЫРБАЕВ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

ОҚУ ОРНЫНДА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Zhansugurov college»-де ЖОО және колледж оқытушыларымен тәжірибе алмасу мақсатында «Заманауи сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу» атты әдістемелік семинар өтті.

БЕРЕРІ МОЛ СЕМИНАР

Семинарда модератор п.ғ.д., профессор, Республикалық «Ең үздік оқытушы» атағының иегері, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы С.Сеитова «ЖОО және колледжде заманауи сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу» тақырыбында шебер сынып өткізді. Сонымен қатар ғылыми–педагогикалық бағыт магистранты С. Сейткәрімова, ғылыми–педагогикалық бағыт докторанттары С.Сакибаев, К.Забиевалар арнайы дайындаған тақырыптар негізінде баяндама жасады.

Семинар соңында ЖМУ оқытушылары мен «Zhansugurov college» оқытушылары пікір алмасып, туындаған сұрақтардың шешімін бірлесе отырып, таба білді. Оқытушылар осындай семинарлардың жиі өткізіліп тұруына ұсыныс білдірді.

К. МАКЕЕВА,
«Zhansugurov college»-нің ПЦК жетекшісі

Кедергісіз келешек

ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік жағдайларын жақсарту туралы тапсырмасын орындау мақсатында «Nur Otan» партиясы Ескелді аудандық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі әлеуметтік саланың құрылымдық бөлімшелерімен өзара бірігіп, «Кедергісіз келешек» партия жобасы аясында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды Бірыңғай тақырыптық қабылдау» республикалық акциясын өткізді.

Бұл іс-шараға аудандық мекемелер, оның ішінде аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, жер қатынастар бөлімі, білім бөлімі, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі, орталық аурухана, жұмыспен қамту орталығы және аудандық әділет басқармасының басшылары қатысты. Сонымен қатар, қабылдауда аудандық «Демеу» ҮЕҰ-ң төрағасы Ахат Сатыбалдыұлы Ұзақбаев та қабылдауға қатысып отырды.

Қабылдауды аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Ыдырысов кіріспе сөз сөйлеп ашып, өткізіліп отырған шараның мәні мен мақсатын егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті. Содан соң акцияға қатысып отырған ұйымдар мен мекеме басшылары өз қызметтері жайлы мағлұматтар берді. Сосын қабылдауға келген мүмкіндігі шектеулі жандар өздерін толғандырып жүрген мәселелерін ортаға салып, тиісті лауазымды басшылардың жауаптарын тыңдады.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОМЕНЯЛ РАБОТУ В ОФИСЕ И УЕХАЛ ВЫРАЩИВАТЬ РИС

По сообщению пресс-службы СПК «Жетысу», молодой предприниматель Арман Ахметбаев променял престижную карьеру делового администратора в офисе на сельхоз работы в поле. Полученные навыки управления и менеджмента в стенах университета решил вкладывать в развитие сервисно-заготовительного центра (СЗЦ).

Сейчас Арману 27 лет. Он возглавляет СЗЦ «Каратал-Күріш» в Каратальском районе Алматинской области, который был создан в 2016 году. «Каратал-Күріш» стал первым СЗЦ в области по рисовому направлению. По словам предпринимателя, первый год стал экспериментальным. В 2016 году белое зерно было посеяно на 300 га. Аграрии с одного гектара собрали 38 центнера урожая.

«В первый год, конечно же, результат не превзошел наших ожиданий. Но мы учли свои ошибки и опыт коллег, провели консультации с отечественными и зарубежными экспертами и предпринимателями. Нам была оказана поддержка со стороны СПК «Жетісу» и местного исполнительного органа», - поделился предприниматель.

В целях обмена опытом в 2017 году Арман Ахметбаев посетил кызылординское предприятие «Абзал и Компания», которое является одним из лидеров рисовой индустрии Казахстана. У компании были приобретены элитные семена сорта «Янтарь». Высококачественные семена неприхотливы и быстро взошли на каратальской земле.

Благодаря их применению урожайность достигла 40,3 центнеров с гектара.

«Больше сорока центнеров с гектара - это своего рода рекорд. Безусловно, нам еще далеко до предпринимателей Кызылординской области, но это неплохой результат для начинающего хозяйства. В дальнейшем мы продолжим увеличивать посевные площади и работать над повышением урожайности», - рассказал Арман Ахметбаев.

Еще одной результативной поддержкой в наращивании урожайности стала сельскохозяйственная техника, которая была передана Социально-предпринимательской корпорацией «Жетысу» в СЗЦ путем финансового лизинга. Всего за несколько лет СЗЦ приобрел 14 единиц сельскохозяйственной техники. В их числе современные плуги и сеялки, белорусские тракторы, комбайны и другая техника.

Успех получения хорошего благоплодия существенно зависит от надежности сельскохозяйственной техники, считает комбайнер Виталий Пожарский. Он уже третий год управляет рисоуборочным комбайном марки «Енисей 1200 РМ».

«Комбайн многофункциональный и высокопроизводительный, может работать на больших площадях в любое время погоды, что делает его практически незаменимой машиной. Применение таких комбайнов позволяет убирать зерно чисто и с минимальными потерями. А это очень важно, учитывая, что каждый год растут посевные площади риса», - подчеркнул Виталий Пожарский.

Всего в СЗЦ «Каратал-Күріш» с учетом сезонных работ трудятся 50 человек. Кстати, для всех нынешний год выдался изобильным и благоприятным. С 500 га было собрано свыше 2 тысяч тонн риса. Продукцию уже отправили для переработки на рисовый завод. И скоро на прилавках Алматинской области продукт появится под местным брендом «Уштобинский».

В этом году на территории Алматинской области рис засеян на площади 10,6 тысяч гектаров.

Как рассказали в СПК «Жетісу», в настоящее время в Алматинской области создано 45 СЗЦ, из них два работают по выращиванию риса.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

СЕМИНАР ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, РПП по Алматинской области и ДГД по Алматинской области провели в городе Талдыкорган семинар для налогоплательщиков на тему: «Переход с патента на другой налоговый режим и применение онлайн ККМ».

С 1 января 2020 года вступают в силу отложенные с 2018 года нормы Налогового кодекса в части изменения требования по применению индивидуальными предпринимателями специального налогового режима на основе патента.

Налоговым кодексом вводится ограниченный перечень, при осуществлении которых сохраняется право применения патента, увеличивается с 12 до 32 видов деятельности. К ним относятся услуги такси, парикмахерские услуги, маникюр и педикюр, ряд строительных и ремонтных работ, деятельность в области фотографии, переводческое дело, сдача в аренду, некоторые образовательные услуги, деятельность в области искусства, ремонт компьютеров, ветеринарные услуги, услуги по уборке жилых помещений, услуги носильщиков на рынках, вокзалах, выпас домашних животных и др.

Вводимая норма направлена на снижение теневого оборота с легализацией наемных работников.

Тем налогоплательщикам, вид деятельности которых не включен в разрешенный перечень, следует перейти либо на специальный налоговый режим на основе упрощенной декларации или с использованием фиксированного вычета, либо на общеустановленный порядок налогообложения.

Предприниматели, которые до 1 января 2020 года не предоставят в налоговые органы уведомление о переходе с патента на другие налоговые режимы, будут автоматически переведены на общеустановленный порядок налогообложения, перейти с которого на другие специальные налоговые режимы для малого бизнеса возможно только через год.

Также с 1 января 2020 года планируется полный переход на применение онлайн-ККМ.

Согласно Налоговому кодексу с 1 января 2020 года обязательство по применению онлайн ККМ, распространяется на налогоплательщиков, применяющих специальный налоговый режим на основе патента и плательщиков единого земельного налога.



Ш. БАТЫРОВ.

В Талдыкоргане Палата предпринимателей Алматинской области и Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова в рамках года молодежи открыли офис представительства Региональной Палаты предпринимателей Алматинской области в «StartUp Academy ZHGU» на базе университета, сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей.

Конкурс стартап-проектов «Jetisý – Startup 2019»

Целью работы офиса является развитие молодежного предпринимательства в вузе, реализация научно-инновационного потенциала и подготовки стартап-проектов среди молодых ученых и начинающих предпринимателей.

С этой целью в рамках мероприятия состоялось открытие конкурса инновационных идей и стартап-проектов «Jetisý – Startup 2019» среди молодых ученых и начинающих предпринимателей.

Целью конкурса является популяризация и стимулирование исследовательской и инновационной деятельности студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых университета; а также создание организационных условий для перспективных исследований и разработок, выявления и поддержки одаренной научной молодежи.

«Данный проект даст возможность студентам, молодым предпринимателям открыть свой бизнес, реализовать свои проекты. Он даст возможность раскрыть свой потенциал и получить необходимые консультации. Верим, что данный проект даст возможность увеличить количество успешных молодых предпринимателей», - сказал Заместитель директора по экономическим вопросам Палаты предпринимателей Алматинской области Даурен Оналбаев.

Конкурс проводится в три этапа: прием заявок, рассмотрение конкурсных заявок Комиссией и отбор сильнейших по установленным критериям оценки и презентация проектов кандидатами.

По итогам проведения Конкурса определяются победители Конкурса: три призовых места, номинации, а также бесплатное обучение на базе «StartUp Academy» от идеи до ее коммерциализации.

Конкурс проводится для студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых, возраст которых не превышает 29 лет (включительно) на день рассмотрения заявки на участие в конкурсе.

Приглашенными гостями мероприятия стали представители областных управлений образования, предпринимательства и инновационного развития, цифровых технологий, молодежной политики, партия «Nur Otan», Ассамблея Народа Казахстана и др.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОЛДАУ АЯСЫНДА

ӨҢІРГЕ ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БЕРДІБЕК САПАРБАЕВ БАСТАҒАН ҮКІМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ КЕЛДІ. ДЕЛЕГАЦИЯНЫҢ КЕЛУДЕГІ МАҚСАТЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ ЖОЛДАРЫН ТҮСІНДІРУ.

ЖҰМЫС тобы алдымен Талдықорған қалалық көп салалы ауруханасына барды. Аурухананың операциялық блогымен, нысанның техникалық құралдармен жабдықталу барысымен, емдеу мекемесі базасында ашылған жағдаяттық орталықтың жұмысымен танысты. Сондай-ақ, аурухананың мәжіліс залында емдеу мекемелері қызметкерлерінің қатысуымен жүздесу өтті. Кездесуді ашқан облыс әкімі Амандық Баталов үкіметтік жұмыс тобының Жетісу өңіріне келгендегі мақсаты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы негізгі басымдықтарды елге түсіндіру екенін атап өтті. Бұдан кейін аймақ басшысы өңірдегі медицина саласының бүгінгі жай-күйі жайлы айтып, облыстағы ең ескі ғимараттардың бірі облыстық көп салалы ауруханасына емдеу корпустарын салу, техникалық жағынан толық жабдықтау жөнінде индиялық компаниямен келіссөздер жүргізіліп жатқанына да тоқталды.

Кездесу барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Камалжан Надыров сөз алып, 2020 жылдан бастап енгізілетін медициналық әлеуметтік міндетті сақтандыру жөнінде кеңінен әңгімеледі. Өз сөзінде ол жаңа жүйеге өтудің дайындығы, мұндағы Алматы облысының аяқ алысы туралы да айтып өтті. Мәселен, тұрғындардың мәртебесін өзектендіруде алдымызда әлі де бірқатар жұмыс тұр, сол секілді кей азаматтардың төлемі жүйелі

жасалмайтын жайттар да жиі кездеседі, сондай жағдайлардың себебін анықтау қажет. Ал жаңа жүйеге көшудің техникалық дайындығы жағынан облыстың деңгейі жоғары деп бағалады вице-министр. Сол сияқты халықты құлағдар ету, түсіндіру көрсеткіші біршама өскен. *«Адам өзі түсінбеген нәрсені өзгелерге түсіндіре алмайды. Сондықтан ең алдымен МӘМС туралы медицина мамандарының өздері жетік ұғынып алғаны жөн»*, - деді К. Надыров.

Жиын барысында қалалық көп салалы аурухананың бас дәрігері Сәуле Құсмолданова, облыстық кардиология орталығының бас дәрігері Рахымберді Сұлтанбеков және басқа да азаматтар жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсету үшін бөлінетін қаржы көлемін арттыру, скринингтен өтуге тиіс әрбір азаматты дер кезінде қаралуға міндеттейтін нормативтік-құқықтық құжат қажеттігі, МӘМС жүйесін енгізудегі кейбір түйткілдер және өзге де мәселелерді көтерді. Бұл сауалдарға орай Бердібек Сапарбаев толыққанды жауап қайырды. Президенттің Үкімет алдына қойған міндеттерінің бірі - денсаулық сақтау саласына жұмсалатын қаржы көлемін жалпы ішкі өнімнің 5 пайызына жеткізу, соған сәйкес көрсеткелтін медициналық қызмет сапасын жақсартуымыз керек. МӘМС жүйесін енгізуге алда 1 жарым ай уақыт бар. Осы уақыт ішінде жұмысты бұрынғыдан да жандандыра түсу қажет деген Вице-Премьер өз ойын былайша жалғады: *«Кейде БАҚ арқылы халық медицина қызметкерлеріне деген өкпе-ренішін білдіріп жатады. Дәрігерлердің жұмысы адам өміріне тікелей қатысты. Сондықтан медицина мамандары өз ісіне өте мұқият, асқан жауапкершілікпен қарауы керек. Мемлекет сіздерге барлық жағдайды жасап отыр - жалақыларыңыз көтерілуде, ауруханалар озық үлгідегі құралдармен жабдықталған, жұмыс істеуге қолайлы жағдайдың бәрі бар. Соған сәйкес медициналық қызмет көрсету сапасын көтеруге тиіспіз, халықтың өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа жеткізу межемізі болуы керек. Осы ауруханада ашылған жағдаяттық орталықтың диагностикалауда, ауруды ерте кезеңнен анықтаудағы рөлі зор екен. Талдықорғандағы бұл орталықты өзге облыстарға үлгі етіп көрсету арқылы, озық тәжірибе ретінде тарату керек»*.

* * *

МҰНАН соң ресми делегация Талдықорғандағы коттеджді қалашыққа тоқтады.

Айта кетейік, Талдықорған қаласында үйдің кезегінде тұрғандарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған тұрғын үй алабының жобасына 8,3 миллиард теңге жұмсалған. Биыл қыркүйек айында берілген қос қабатты 100 коттеджде көпбалалы және аз қамтылған отбасылар тұрып жатыр. Енді тағы 506 коттедж салынуда. Бір шетінде құрылыс жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатқан тұрғын үй алабындағы Райхан Мұлқамановның үйіне бас сұққан Бердібек Машбекұлы үй иесіне тарту ретінде гүл шоғын беріп, жаңа қонысқа құтты болсын айтты.

Аппақ шарбақпен қоршалған еңселі үй ауласындағы шағын бақша орнымен танысып, жағалай орналасқан тұрғын үйлердің түзу қатарына сүйсінген Вице-премьер сөз арасында журналистер қауымына алыстан күмбезі жарқыраған мешітті нұсқап, мынадай керемет көріністі телеарналар арқылы көрсету керектігін де айтты.

Осы орайда облыс басшысы Амандық Баталов: *«Бұл жерге бірнеше жоба ұсынушылар болды. Солардың көпшілігі аса қымбат, құрылысының өзі үлкен шығынды талап ететін коттедж қалашығын салуды көздеді. Алайда жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын ойластыра келе, осы жобаның орындалуына мүмкіндік бердік»*, – деп жаңадан бой көтерген тұрғын үй алабының тарихын таныстырды.

Өңір басшысы сөзінше, бұл коттедждер ең алдымен қолжетімділігімен ерекшеленеді. Қазір мұнда тұрып жатқандардың бәріне үйлер ұзақ мерзімге жалға берілген.

Қазақстан республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев жаңадан салынған үйлердің тиімділігін ұғынған соң 4 бала өсіріп отырған көп балалы отбасының тіршілігімен танысып, аз-кем тілдесті. Онда жаңа қонысқа орныққан отбасының біріне арнайы кіріп шықты. Көп балалы және аз қамтылған отбасыларға берілетін осындай үйлерді көбейтсе, баспананың қолжетімділігі арта түсетінін айтқан Б.Сапарбаев жаңа шағын ауданның салынуына оң баға берді.

* * *

БҰЛ күні Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев Талдықорған қаласындағы №27 мектепке барып, облыс ұстаздарымен де кездесті.

Білім ошағының директоры Гүлжан Сыдыбаеваның сөзінше, 1200 оқушыға арналған мектепте 1157 оқушы білім алуда. Сондай-ақ, мұнда «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен жастарға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы нәтижелі жұмыс атқарады.

Жұмыс тобы алты бөлімнен, яғни, қаржы-заңгерлік, педогогикалық шеберлік, дарындылықты дамыту психологиясы, зияткерлік шаралар, баспасөз қызметі және IT технология кабинеттерін аралап, оқушылардың жетістіктерін көрді. Қала, аудан мен ауылдардан келген белсенді, шығармашыл балалардың білімін шыңдайтын орталықтың жұмысы көпшіліктің көңілінен шықты.

Орталық жұмысымен танысқан соң Бердібек Машбекұлы мектеп директорларымен кездесті. Жиында бала тәрбиесі, білім сапасы, мұғалімдер беделі туралы әңгіме қозғады. Өз сөзінде Вице-министр ұстаздар қауымының бала тәрбиесіне баса мән беруі қажеттігін, жалпы тәрбие ұлттық құндылықтар төңірегінде өрбуі керектігін де тілге тиек етті. *«Кезінде мектеп басшысы оқушыларды сыртқы есіктен қарсы алып, оның көңіл-күйіне жіті мән беретін. Қазір мектеп директоры оқушыларды танымайды»*, – деді Бердібек Сапарбаев. Сондай-ақ, кездесуде мектеп түлектерімен тығыз байланыс орнату, колледждердегі білім сапасының төмендігіне орай оқыту мазмұнын арттыру, дуалды білім берудегі сапа мен нәтиже жайында сөз болды, жастардың жұмыссыздық мәселесі де айтылды.

Вице-Премьердің сөзін мұқият тыңдаған ұстаздар қауымы өздерін толғандырып жүрген сауалдарын да қойып, тұшымды жауап алды.

* * *

ЕЛОРДАДАН ат арытып келген қонақтар Көксу ауданына жасаған сапарында аумақтағы қант өндірісінің дамуына үлес қосып отырған «Көксу» қант зауытының өндірісін көрді. Яғни, қызылша жинақтау алаңынан тау болып үйілген шикізаттың дайын қант болып шыққанға дейінгі барлық процесіне куә болды.

Бұдан кейін Б.Сапарбаев бастаған Үкіметтік топ аудандық мәдениет үйінде көксулықтармен кездесіп, Президент Жолдауының басты бағыттары туралы кеңінен баян етті. Алдымен сөз алған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов 2020 жылдың 1 қаңтарынан енгізілетін әлеуметтік жәрдемақылардың жаңа механизмі туралы тұрғындарға түсіндірді. Министрдің айтуынша, жаңа жылдан бастап 4 және одан да көп балалары бар отбасыларға табысына қарамастан әр балаға 10 мың теңгеден астам қаржы төленбек. Сондай-ақ, аз қамтылған отбасылары үшін атаулы әлеуметтік көмек беру жалғасын табады, алайда, шарттары өзгермекші. Жәрдемақы тағайындалған отбасы құрамында жұмыс істеуге қабілетті азамат болған жағдайда, оны жұмысқа орналастыру қарастырылған. Оған қоса көп балалы отбасындағы әр балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет беріледі. Пакетте сәбилердің гигеналық құралдары, мектептегі тегін ыстық тамақ, мектепке барып-қайту жол шығыны және басқа да көмектер қарастырылған.

Дәл осындай жылы жүздесу Лабасы ауылдық округіндегі елмен де өткізілді.

Жиын соңында Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «7-20-25» және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері туралы айтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

БАЯНЫ ЖОҚ БАҒДАРЛАМА

«Қазақстан фермерлер Одағы» РҚБ Алматы облысы филиалы, Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарындағы шаруа қожалықтарының басшылары, ауылдық округтердің әкімдері, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, мамандары, несие серіктестігінің басшыларымен арнайы жиын өткізді. Айтулы басқосуда «Ауыл» Халықтық- демократиялық патриоттық партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қанат Ботайұлы Бекиев, Қазақстан фермерлер одағы төрағасының орынбасары Жақып Мейірханұлы, Қазақстан фермерлер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Ақшабай Дүйсенбекұлы Керімбеков, Қазақстан фермерлер одағы Алматы облысы филиалы төрағасының орынбасары С. Нұршаев және «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің редакция ұжымы қатысты.

Әлі күнге дейін, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара алмай жүрген шаруалар қожалықтары жайлы әңгіме аз айтылып жүрген жоқ. Бұл ауыл шаруашылығындағы түйткілді мәселелерді шешуге айтарлықтай кедергі келтіріп келеді. Оның үстіне «жығылғанға жұдырық тиіпті» - демекші, жиі-жиі ауыса берген ауылшаруашылық министрлігі ауысқан сайын әр министр өз реформасын ала келетін әдет пайда болды. Бір реформаны толық жүзеге асырмай жатып, орта жолда жаңа реформаға ауысқан шаруалардың «шақшадай бастары шарадай» болуда. «Атамекен» ҰКП бір бөлек, «Ауыл» партиясы бір бөлек, Қазақстан фермерлер одағы РҚБ-гі бір бөлектеніп бастары бір арнаға тоғыспаған сала мамандарының илеп отырғаны «бір терінің пұшпағы. Міне, осы түйткілді мәселелерді бірлесе шешудің, ұйымдасудың ұтымды болатынын сезген «Ауыл» партиясы мен Алматы облыстық фермерлер одағы күш біріктіріп елді-мекендердегі шаруалармен жиын өткізіп, ақпарат құралдарына арқа сүйеуде. Айтулы шара Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарындағы шаруа қожалықтарының басшыларымен бас қосу жиынында Қазақстан фермерлер одағы РҚБ Алматы облысы филиалының 2019 жылғы атқарған жұмысы тұралы С.Нұрашев баяндама жасады. Онда ауыл шаруашылығына байланысты қабылданатын заңдарға, кодекстерге, бағдарламаларға және басқа да құжаттарға өз ұсыныстарын жеткізуді көздеген Қазақстан фермерлер одағы біраз түйткілді мәселелердің түйінін тарқатты. Мәселен, фермерлердің жұмыс барысында кездесетін қиыншылықтарын біліп, сараптамадан өткізіп, Республика деңгейінде шешілетін мәселелерді облыс басшыларына жеткізіп әрі қарай дұрыс шешім қабылдауға ат салысу. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында 300-ден астам делегеттың қатысуымен фермерлермен облыстық филиалдың ІІІ- конференциясы өтсе, ақпан айында фермерлер одағының съезі өткенін тілге тиек еткен баяндамашы С. Нұршаев Алматы облысында тоғыз айдың ішінде ауыл шаруашылығы саласында 586,0 миллиард теңгеге өнім өндірілгенін, бұл 2018 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 98 милиард теңгеге артқанын айтты. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында Республикалық және облыстық ауыл шаруашылығы құрылымдарына Республикалық және облыстық бюджеттен 2019 жылы 41,9 миллиард теңге бөлінген. Оның ішінде субсидия ретінде 32,9 миллиард теңге бөлінсе, қаржы институттары арқылы 9,0 миллиард теңге бөлініп, 10 айдың қорытындысы бойынша 31,6 миллиард теңге игерілген. Қалған қаражат жыл аяғына дейін игеріледі деген С. Нұршаев жетпей қалған субсидия көлеміне тоқталды. Сондай-ақ, «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы шет елден 9993 ірі қара малы, облыс ішінен 2032 бас ірі қара, 14907 бас қой, 283 бас жылқы сатып алынғанын баяндады. Алматы облысындағы ерекше назарға алынған және Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып жатқан қант қызылшасының көлемі биылғы жылы 14 мың гектарға ұлғайып, майбұршақ, жүгері, картоп және жеміс-жидекке қатысты егістік көлемі де артқанын, мал басының көбейіп, асыл тұқымды малдардың саны жылдан-жылға өсіп келеді дей келе, қараусыз қалған, тазартылмаған каналдар, арықтар тазартылып жатқанын атап өтті. Ауыл шаруашылығындағы жетістіктермен қатар күрмеуі шешілмей жатқан түйткілді мәселелер де назардан тыс қалған жоқ. Бұл шаруалар үшін айта-айта жауыр болған жанармай бағасының шарықтауы. Аспанға шарықтаған ауыл шаруашылығы техникаларына қатысты жанармайдың бағасы Ай-92 бензинінен 30-40-теңгеге қыбаттағаны, еш қисынға сияр емес, солярка бензиннен әрқашан да қымбат болмауы керек, - деген баяндамашы күзгі егін жинау науқанына бөлінген солярка облыс бойынша 19,9 мың тонна, бүгінгі күнге алынғаны 7,6 мың тонна. Әр литрін 181 теңгеден алуда. Арзандатылған жанармайдың бағасы қымбат болған соң, әрі фермерлерге берілген жанармайдың тасыған шығындары, жанармай бекетіндегі бағамен бірдей болғандықтан, шаруалар сол жерден ала салады. Осы мақсатта беріліп отырған арзандатылған жанармай жылда 38-45% ғана алынады. Көктемгі егін себу және жинау науқанында фермерлер қаражаттың жоқтығынан қиналуда. Республика бойынша ауыл шаруашылығына жылда көктемде беретін 60 миллиард жеңілдетілген несиесінен Алматы облысы биылғы жылы бар жоғы 530 миллион теңге ғана алды. Ол 60 миллиард теңгенің 0,9 % ғана. Ал Алматы облысы Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің 18% өндіреді. Беріліп отырған 60 миллиард теңге шығын фермерлерге қолжетімсіз. Несиені тек несие серіктестіктері арқылы береді. Облыста жұмыс жасап тұрған 16 несие серіктестігінде 1800 фермер ғана мүше, ол облыстағы 44000 фермердің 4 пайызы, қалған 96% несиені қайдан алады - деді. «Айта-айта, Алтайды, Жамал апам қартайды» дегендей, аграрлық саладағы қолдан жасалып отырған кедергілерге налыған С. Нұршаев көршіміз ресейдегі ауыл шаруашылығына қатысты мәселелерді мысал ретінде келтірді. Ресейде Ресей агробанкі бар, көктемде фермерлерге жеңілдетілген 5% несие береді, бізге де осындай агробанкі керек, бұл сұрақты көтеріп жүргенімізге үш жыл болды. Бірақ, әлі жүзеге аспады, болашақта оң шешімін тапса дұрыс болар еді. Бізде жылда малдың басы, оның ішінде асыл тұқымды мал басы өсуде, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі де артуда. Бірақ, оған берілетін субсидия көлемі өспейді. Ал, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бар жоғы 3,8% құрайды. Беларуссияда бұл көрсеткіш 18-20%. Олардың өндірген өнімі сапалы әрі бағасы біздікінен арзан. Біздің облыста жылда берілген субсидия көлемі жетпей, келесі жылға қарыз болып жатады. Мысалы, биылғы жылы мал шаруашылығына 7,51 миллиард теңге, тұқым шаруашылығына 1,3 миллиард теңге жетпей қалды. Ендігі жылы бұл көлем төленуі қажет - деген баяндамашы Ақтөбе облысындағы фермерлер митингке шығып, мал шаруашылығын асылдандыруға жетпей қалған 4,0 миллиард теңге субсидиясын сұрауда, бізде бұндай қаражат көлемі 7,5 миллиард теңге деген баяндамашы атқарылған жұмыстарға тоқталып, Панфилов, Кербұлақ аудандарындағы фермерлер одағының төрағасы Карибжанов пен Жоламан ауылдық округінен, Талдықорған қаласының фермері Софин Александр Анатольевичтен және басқа да фермерлерден арыз-хаттар түскенін хабарлады. Бұдан кейін сөз тізгінін Қазақстан фермерлер одағы төрағасының орынбасары Жақып Өмірзақов алып, қоғамдық ұйымдардың рөлі өте зор екенін айтты. Қоғамдық ұйым ретінде ауыл шаруашылығына қатысты көп мәселеге араласатын, оның ішінде мәжілістегі отырыстарда, үкіметте және министрліктегі мәжілістерде жұмыс тобының болғанын, көп заңды қабылдаған кезде ауыл шаруашылығында қоғамдық ұйым мен қоғамдық кеңес бар, солар арқылы біз өзіміздің мақсат-мүддемізді билікке жеткіземіз - деді.

Жалғасы 7 бетте.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 қараша

ҚАЗАҚСТАН

6.00, 04.10 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.05, 17.15, 03.50 «Көңіл толқыны»
06.25 «Мәселе» бағдарламасы
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 «Ниет»
14.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
14.10 , 22.30 Т/х «Гауһар»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 «Апта» бағдарламасы
16.45,03.00 «Баланың көңілі» драмасы
20.35, 02.10 «Ашық алаң»
23.25 Т/х «Қазақ елі»
00.40«Ниет»
02.10 «Ашық алаң»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30, «Күлдірген»
07.00, 20.00 Астана аптасы
07.45, 18.10 Үздік әзілдер
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40,21.00 Т/х «Қара ниет»
11.50 сериал «Челночницы»
13.00 «Елорда лайф» Тікелей эфир
13.20,01.20 «Үздік әзілдер»
13.40 Брат или брак
16.00 құжатты фильм
19.00 «Үмітіңді үзбе»
20.00,02.30 «Астана таймс»
22.00 Т/х «Жаза»
00.10 Т/х«Кешіккен хат»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 «Сырты бүтін»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 М/с «Юху и его друзья»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00,12.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.30 Т/х «Кебенек»
10.45, 20.10 Т/х «Армандастар»
11.10 Д/ф «Цена покоя.Восток»
12.00 Жаңалықтар
12.30 «Менің тағдырым»
13.00 Т/с «Любовь по приказу»
14.40 Т/с «Разия»
15.00 «Білім»
15.30 «Елбасы жолы. Отты өзен»
17.00, 23.20 Т/с «Листопад»
18.30 Т/х «Бәсеке-2»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.45 ,01.45 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Абдулхамит хан»
00.40 «Тәрлетіңіз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Махаббатым жүрегімде-2»
06.40, 03.00 «Той заказ»
07.20, 18.00 «Басты бағдарлама»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.40 «На самом деле»
16.50 Т/с «Гончие-5»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Сериал «Ворона» (жалғасы)
00.40 Ночной кинотеатр «Операция «Мухаббат»
01.30 «П@утіна»
02.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде»
03.30 «П@утіна»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық
07.20 «Дау-дамайсыз» бағдарламасы
07.50, 01.30 Т/х «Мұңайма, Нефисе»
08.50 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Юрмала (повтор)
12.50 Х/ф «Нашедшего ждет вознаграждение»
14.50 Х/ф «Письма на стекле. Судьба»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
21.40 «Морские дьяволы.Северные рубежи»
23.50 «Высокие ставки.Реванш»
02.20 «Той Beststar»
04.25-05.10 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта /каз/
10.00 Апта (рус)
10.50 «Тыңдашы, айналайын»
11.00 «Спорт-тайм»
11.20 «Полицейская служба»
11.40 «Латыннегізді әліпби»
12.00 «Киноман»
12.55 «Зерделі отбасы»
14.00 «Тілсақшы»
14.30 «Бағбан»
15.00 К/ф «Ақырғы аманат»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Әдебиет пен адамзат»
19.30 «Ел қамы» /тікелей эфир/
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Туржорық»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 49-бөлім
22.45 «Нет-лайк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00,03.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро (қайталау)
08.00,23.30 Бауржан-шоу
09.00 М/ф «Лис и пес -2»
10.30 Х/ф «Пираты Карибского моря:На странных берегах»
13.40,22.30 «What s Up»
14.45 «Экстрасенсы детективы»
16.00 Сериал «Интерны»
18.30 Сериал «Отель «Элеон»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Иффет»
00.00 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
01.00 Сериал «Мехектің өмірі»
01.40 Сериал « Адасқан ғұмыр»
02.20 Алдараспан,Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, «Айнаонлайн»
08.10 Х/ф «Астерикс и Обеликс против Цезаря»
10.30 Х/ф «Астерикс и Обеликс: миссия Клеопатра»
12.50 Х/ф «Побег из аула. Операция «Махаббат»
15.00,22.05 Т/х«Ұлы дала жанұясы»
16.00, 03.30 Т/х «Жаңа келін»
17.10,04.00 Т/х «Элиф»
18.15 Т/с «Охотник за головами»
19.20 Т/с «Крепостная»
20.20 Т/с «ИП Пирогова»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Доктор мырза»
23.40 «Жастар алаңы»
00.20 Т/с «Реквием для свидетеля»
01.30 Х/ф«Праздничный переполох»
04.45 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 26 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.20 ҚР Әнұраны
06.05, 17.15 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 «Ниет»
14.10 Т/х «Гауһар»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 «Жан жылуы»
16.30 «Аңыздың ізімен»
17.30 Т/х «Елдің баласы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Гауһар»
23.25 Т/х «Қазақ елі»
00.40 «Ашық алаң»
01.30 «Мәдениет жауһарлары»
01. 50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар лигасы «Ювентус»¬-«Атлетико» Тікелей эфир
04.00 Жан жылуы

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30, «Күлдірген»
07.00,01.20, 14.20,18.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50,21.00 Т/х «Қара ниет»
11.00 сериал «Челночницы»
14.40,00.10 Т/ф «Кешіккен хат»
16.00 «Құжатты фильм»
19.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
20.00,02.30 «Астана таймс»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 «Сырты бүтін»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 М/с «Юху и его друзья»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00,12.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.30 «Дала қырандары»
10.45, 20.10 Т/х «Армандастар»
11.15, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
12.30 «Менің тағдырым»
13.00 Т/с «Любовь по приказу»
14.40 Т/с «Разия»
15.00 «Қоғамдық талқылау»
16.00 «Ду-думан»
17.00, 23.20 Т/с «Листопад»
18.30 Т/х «Бәсеке-2»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Д/ф «Симфония политики»
20.50 Премьера! Новый курс
21.00 Итоги дня
00.50 «Тәрлетіңіз»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде-2»
06.40, 03.00 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.40 «На самом деле»
16.50 Т/с «Гончие¬-5»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Ворона»
22.00, 01.30 «П@УТINA»
00.40 Ночной кинотеатр. «Операция «Мухаббат»
02.15 Т /х «Махаббатым жүрегімде»
03.30 «П@УТINA»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық
07.20 Кешкі жаңалықтар(қайталау)
07.50, 01.30 Т/х «Мұңайма, Нефисе»
08.50, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Новости (повтор)
10.30, 23.50 «Высокие ставки. Реванш»
12.50, 21.40 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
15.00 Х/ф «Письма на стекле. Судьба»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
02.20 «Той Beststar»
04.25-05.10 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 49-бөлім
12.00 «Ел қамы»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Шашу»
13.50 «Жыр-тамшы»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
15.00 «Әсем әуен»
15.55 «Болмыс» ток-шоуы
16.40 «Үшінші көз»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Диалог» /прямой эфир/
19.30 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 50-бөлім
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00,03.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро (қайталау)
08.00,23.30 Бауржан-шоу
09.00 М/ф «Леди и бродяга -2»
11.00 Сериал «Иффет»
12.30 Сериал «Фазилет ханым»
13.3 0, 22.30 «What s Up»
14.45 «Экстрасенсы детективы»
16.00 Сериал «Интерны»
18.00 Сериал «Дылды»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Иффет»
00.00 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
01.00 Сериал «Мехектің өмірі»
01.40 Сериал « Адасқан ғұмыр»
02.20 Алдараспан,Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
08.50 М/с «Монкарт»
09.25, 23.50 Сериал «Реквием для свидетеля»
10.40,01.00 «Смеяться разрешается»
12.50, 19.20 Т/с «Крепостная»
13.50, 18.15 Т/с «Охотник за головами»
15.00, 22.05 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
16.00, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
20.20 Т/с «ИП Пирогова»
21.00 Лотерея 777
22.40 Айнаонлайн
23.10 Т/х «Доктор мырза»
04.45 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 27 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Әнұран
06.05, 17.15 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00, 00.40 «Ниет» ток-шоуы
14.10, 22.30 Т/х «Гауһар»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 Д/ф «Тұлға»
16.30,01.30 «Ақ сауыт»
20.35,00.40 «Ашық алаң»
23.25 Т/х «Қазақ елі»
01.50 ФУТБОЛ.УЕФА чемпиондар лигасы. «Ливерпуль»-«Наполи» Тікелей эфир

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30, «Күлдірген»
07.00,01.20, 14.20,18.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50,21.00 Т/х «Қара ниет»
11.00 сериал «Челночницы»
14.40,00.10 Т/ф «Кешіккен хат»
16.00 «Құжатты фильм»
19.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
20.00,02.30 «Астана таймс»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 «Сырты бүтін»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 М/с «Юху и его друзья»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00,12.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.30 «Дала қырандары»
10.45, 20.10 Т/х «Армандастар»
11.15, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
12.30 «Менің тағдырым»
13.00 Т/с «Неслучайная встреча»
14.40 Т/с «Разия»
15.00 «Елбасы жолы. Теміртау»
16.30 Т/с «Пәленшеевтер»
17.00, 23.20 Т/с «Листопад»
18.30 Т/х «Бәсеке-2»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.45, 01.45 «Біздің назарда»
20.50 Премьера! Новый курс
21.00 Итоги дня
00.50 «Тәрлетіңіз»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.15 Т/х «Зәуре»
06.40,03.00 «Той заказ»
07.10,18.00 Басты жаңалықтар
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «ҚалаулымLive»
15.40 «На самом деле»
16.50 Х/ф «Гончие-5»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 Главные новости
20.45,22.50 Т/с «Ворона»
22.00,01.30,03.30 «Паутина»
00.40 «Опирация «Мухаббат»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық
07.20 Кешкі жаңалықтар(қайталау)
07.50, 01.30 Т/х «Мұңайма, Нефисе»
08.50, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Новости (повтор)
10.30, 23.50 «Высокие ставки. Реванш»
12.50, 21.40 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
15.00 Х/ф «Письма на стекле. Судьба»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
02.20 «Той Beststar»
04.25-05.10 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Экорейд»
10.30 «Диалог»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 50-бөлім
12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
12.45 «Жетісудың батырлары»
13.00 «Шашу»
13.50 «Ән-тарих»
14.00 «Жетісу зертханасы»
14.30 Д/ф «Әркениет ғажайыптары»
15.00 «Әсем әуен»
16.00 «Жүрек сөзі»
16.30 «Ауылдағы ағайын»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Ұлт пен рух»
19.30 «Кең ауқымда»
20.00 «Қателік»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 51-бөлім
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00,03.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро (қайталау)
08.00,23.30 Бауржан-шоу
09.00 М/ф «Коты-аристократы»
11.00, 21.00 Сериал «Иффет»
12.30 Сериал «Фазилет ханым»
13.3 0, 22.30 «What s Up»
14.45 «Экстрасенсы детективы»
16.00 Сериал «Интерны»
18.00 Сериал «Дылды»
20.00 Информбюро
00.00 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
01.00 Сериал «Мехектің өмірі»
01.40 Сериал « Адасқан ғұмыр»
02.20 Алдараспан,Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
08.50 М/с «Монкарт»
09.25, 23.50 Сериал «Реквием для свидетеля»
10.40,01.00 «Смеяться разрешается»
12.50, 19.20 Т/с «Крепостная»
13.50, 18.15 Т/с «Охотник за головами»
15.00, 22.05 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
16.00, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
20.20 Т/с «ИП Пирогова»
21.00 Лотерея 777
22.40 Айнаонлайн
23.10 Т/х «Доктор мырза»
04.45 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

БАЯНЫ ЖОҚ БАҒДАРЛАМА

Жалғасы. Басы 5 бетте

Биліктегілер шаруалар қойған талаптарға қатысты өздерінің көптеген сылтауын айтады. Бірақ, біз өзіміздің келтірген дәлелдерімізді, есеп-қисаптарымызды көлденең тартамыз. Бұл жүйелі нәрселер еліміз егемендік алғалы отыз жылға жуықтаса да пәленбай бағдарламалар қабылданды. Министрлер ауысып, бағдарламалар қабылданып жатыр. Жиі-жиі реформалар жасалды, ауыл шаруашылығын басқарған министрлер өздерімен бірге көлеңкесі қатар жүргендей реформаларын ала келеді. Алайда, нақты аяғына дейін орындалған бір бағдарлама жоқ. Реформаны жүзеге асырып жатқан адамдардың өздері есеп-қисаптың түбіне жете алмайды. Біздің мақсатымыз ауыл шаруашылығындағы жүйені бір қалыпқа келтіру. Ең негізгі мәселе сол. «Балық басынан шіриді» дегендей, басында халықпен ақылдаспай жасаған нәрсенің түбі шикі болды. Кезінде бағдарламалар қабылданған кезде біз қоғамдық ұйым ретінде талап қоятынбыз. Ең бірінші, «Сіздер халықпен ақылдастыңыздар ма?» дейтінбіз. Көп мәселе орта және ұсақ фермерлердің даму төңірегінде болып тұр. Бұл субсидияға малдың басын сатып алуға байланысты. Жердің жағдайы толғақты мәселе күйінде қалып тұр. Кезінде беріліп кеткен жерлердің есеп-қисабы болмады. Ауылдың маңында мал жаятын жер жоқ. Қазір біз космомониторингке талап қойып отырмыз. Ертең ол заңдастырылатын болады. Бұл кезінде жерді есепсіз алып қалған жеке тұлғалар, байлар сол жерлерді қайтару керек. Мәселен, бір кісіде пәленбай миллион гектар жайылым жері бар, бірақ бір бас малы жоқ. Осы жүйелі мәселелерді көтеріп космомониторинг арқылы біліп отыратын боламыз. Көптеген кездесуде көктемгі егіс жұмыстарына бөлінетін 60 миллиард қаржы ол бұрынғы 60 миллиард емес, неше жыл болды біз осыны екі есе көбейтіңдер, 100 миллиардқа дейін жеткізіңдер, оның мерзімін кемінде бір жарым жылға созыңдар деп жоғарыға, Парламентке ұшбу хатта жазып, үлкен жиындарда жағымыз талмай айтып та жүрміз. Сол сөзді айта-айта біз жоғарғы биліктің құлағына ақыры жеткіздік. Келесі жылдан бастап 70 миллиард беріледі, оның өтеу мерзімі бір жарым жылға созылатын болды. Ол ақшаның өзі жетімді, несие төлеу кезінде кеткен залалдарға біз тежеу қоюымыз керек. Инфрақұрылым мәселесі шешілді. Оның себебі, аграрлық несиелік корпорациясының қорындағы ақшаға қатысты. Бұл мәселе төңірегінде біз депутаттардан, Үкіметтен қолдау таптық. Енді «КазАгроға» байланысты нәрсе, «КазАгроның» ақшаны қайда жұмсап жатқандығы, неге тексерілмейді деген мәселе көтерілген. Негізі несиелік саясатты бір жолға қою керек. Қазір «КазАгроның» штаты бір мың адамға қысқаратын болды. Біздің негізгі мақсатымыз шаруаға жететін қаржы қолжетімді болуы керек әрі тез алулары тиіс. Ұлттық қордан алатын «КазАгроға» 0.01 пайызбен беріледі, ал олар бізге қандай пайызбен береді, өздеріңіз көріп отырсыздар. Оның 10 пайызы субсидияға бөлінеді, 6-7 пайызы мал шаруашылығына беріледі. Бұл мәселелер фермерлер көңілінен шығып тұрған жоқ. Қолжетімді деген мәселенің өзі қолжетімді емес, әсіресе ұсақ шаруашылықтарға. Сондықтан, біздің ұсынысымыз: кезінде «Агробанк» туралы мәселені мәжілісте көтергенімізде оны депутаттардың өздері де қолдаған, қазір екі ортада ауада тұр. Оңайлықпен шешілмейтін сияқты. Сондықтан несиелік серіктестер арқылы мәселелерді шешу қажет. Содан кейін Ұлттық банкінің кезінде жасаған саясаты 15-20 жыл бұрын қабылданған шешімдерді өзгерту керек. Мысалы, шаруашылығы алға басып тұрған мекемені неге қайта-қайта тексеріп, өмір тарихын сұрай береді? Оның бәрі базада тұр.

Тағы бір өзекті мәселенің бірі салыққа байланысты. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап айналымдағы ақшадан 15 пайыз алынады, бұл мәселені де көп көтердік. Аграрлық салық төлеу жобасы әлі дайын емес. Оның кімге тиімді кімге тиімсіз болатынын алдағы уақыт көрсетеді, уақытша тоқтата тұрсын деген келісім болды. Президенттің Жарлығымен келесі жылдан бастап орта және шағын бизнестегілер салықтан босатылады. Ол салықтан босатылатындардың тізіміне ортақ жер салығы мен жұмыс істейтіндер де кіреді. Біз соған қол жеткіздік. Ол қазір мәжілісте, заңды түрде қабылданады. Желтоқсанда шешімін табады деген ойдамыз. Бірақ оның бір мәселесі бар, кассалық аппаратты фермерлер алуға міндетті, ол кезінде шешіліп кеткен нәрсе. Біз мұны депутаттар арқылы көтердік. Былай қарасаң миға қонбайтын нәрсе, орта және және шағын фермерлер салықтан босатылады, бірақ, кассалық аппаратты сатып алуға міндетті. Оның не пайдасы бар? Үш жыл өткесін алсақ та болады ғой деген ой мазалады. Бірақ заң қабылданып кетті. Жаңа жылға дейін сатып алғандар 50 пайыз жеңілдік көреді. Будан кейін жылына бір рет тапсыратын декларация төңірегінде де ой қозғады. Ең бір күрделі мәселе шешім қабылданғанда бәрін шаруалардың мойнына іліп тастайды, біз қарсылығымызды көрсетеміз деген Жақып Мейірханұлы жаңа техникаға байланысты келелі мәселе төңірегінде ойын ортаға салды. Ол техникаларды қайта өңдеуге қатысты болды. «Бізде өнім шығарылмайды, шеттен әкелетіндер дөңгелегін бір бөлек, маторы бір бөлек әкеліп,соны жинап бізге сатады. Бұл дұрыс емес, мұның тығырықтан шығу жолдарын қарастыру керек. Бұрынғы трактор шығарған зауыттар қайда?-деген сауалды үлкен жиындарда айтқанын тілге тиек етті. Шаруалар жиынында аудандық және облыстық деңгейде шешілетін мәселелерді жергілікті фермерлер өздеріңіз де шеше бересіздер. Біз Қазақстан бойынша қолымыздан не келеді? Соған көмек жасауға әзірміз. Бұл жиынға «Ауыл» партиясы да қатысып отыр, әкімшілік адамдары бар, бізде бөліп жаратын түкте жоқ. Бәріміз ауылдан шыққанбыз. Сол елдің, халықтың мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек - деп сөзін түйіндеді. Жиынға келген фермерлер де өздерін толғандырып жүрген түрлі мәселелер төңірегінде облыстан, астанадан келген фермерлер одағының басшыларына түрлі сауалдарын қойды. Соның бірі Еңбешіқазақ ауданындағы алма бағымен айналысатын фермерлер өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауаптар алды. Сондай-ақ, аудандағы ауыл шаруашылығына қатысты қиыншылықтарды, шешімін таппай жүрген мәлелелерді талқылады. Үш бірдей ауданның шаруа қожалықтары және жергілікті әкімдер мен бірлесіп өткізген жиында бұқаралық ақпарат құралдары арасында «Алатау» қоғамдық саяси газеті бұдан былай «Ауыл» партиясы және Қазақстан фермерлер одағы Алматы облыстық филиалымен бірлесіп ауыл шаруашылғындағы тақырыптарды кеңінен талқылап, көлемді мақалалар жариялап тұратынын айтты. Ал, жергілікті фермерлер мен «Ауыл» партиясы өкілдері бірауыздан «Алатауға» жазылуға уәде берді. Жиын соңында үш аудандағы фермерлер одағының құрамы жаңартылып, олардың жергілікті жердегі төрағалары мен орынбасарлары тағайындалды.

ТҮЙІН ОРНЫНА: Ірі корпорациялар болмаса, орта және шағын бизнестегі жандардың ахуалы сын көтермейтінін осы жиында аңғарып қалдық. Әсіресе, ауылдағы шаруалардың субсидия алуы, техникаларын жаңартуы, көктемгі, күзгі науқан кезінде жанар-жағармайдың шарықтауы, егістікке себетін түрлі химикаттардың қол жетімсіздігін айтқан шаруалар өндірген өнімдерінің құнын ақтамайтынын айтып налыды. Малдарын асылдандырып, қанаттарын кеңге жайғылары - ақ келеді, ол үшін беріліп жатқан несиелердің дер кезінде шаруалар қолына жетпей, не егін егіп болғанда, болмаса егін науқаны аяқталғанда әрең қолдарына тиетін, болмаса мүлде жоқ болып, белшелерінен қарызға батқандарын, ауыл шаруашылығындағы жасалып жатқан реформалардың жүйесіздігінен шаршағандарын ашына айтты. Мұңзарымызды арқалап жүрген фермерлер одағымен «Ауыл» партиясы осы түйткілдерді билікке айтудай айтып келеді. Бірақ, қоғамдық ұйымның сөзін, жергілікті шаруалардың талап-тілегін Ауылшаруашылық министрлігі мен Үкімет және Парламенттегі өкілдер ұдайы қолдай бермейді. Оның зардабын елді-мекендегі шаруалар көруде, жиын өткізуден мүйіз шықса біздің биліктегілерге шығар еді деп күйінеді фермерлер.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ШЕР

– Мен түрмеде көп отырған жанмын ғой. Біреулер ізімнен қалмай аңдып, тың тыңдап тұрғандай ішімде ылғи үрей жүреді, – деп ол жан-жағына сақтана қарап, кафе ішін шолып өтті.

Екеуімізден басқа асханада бөтен жан жоқ. Бұрыштағы үстелге барып жайғасып, асқа тапсырыс бердік.

Біздің аудан орталығында ең үлкен, асы да дәмді орын – осы кафе. Аты да қызық – «Голубой Дунай». Аға «Портвейн» шарабын алдырртты.

– Кел, екеуміз кішкене ішейік. Саған бүгін әлі жан баласына айтпаған бір әңгімемді айтпақшымын. Екеуміз екі қырлы стаканмен қызыл шарапты сіміріп алдық.

Бұл кісіні ойламаған жерден кездестірдім. Іссапардан кейін моншаға түсіп алайын деп кірсем, Исаев ағайым жүр. Екеуміз рахаттана шомылдық, мен алып барған қайың сыпыртқымен бір-бірімізді сабалап, піскен қызанақтай қызарып, киініп далаға шыққанда, ағай:

– Жүр «Голубай Дунайға» барып шәй ішейік, – деп шақырды. Исаев ағайыма қарсы келе алмадым. Бұл кісі – баяғыда біздің интернаттың бастығы болған, әзім ерекше құрметтейтін ұстазым. Ол кезде үстінде китель, бұтында галифе, аяғында хром етігі бар, бойы тіп-тік, жүрісі шапқан аттай жылдам жігіт ағасы еді.

Қазір, міне, алдымда беті шалбарланған әжім-әжім, толқынды бұйра шашы әбден сиреп, төбе тұсы жидіген тауықтың жүніндей тақырланып әрі бозғылданып, еңкіш тартқан арық шал отыр. Даусы – баяғыдай пәрменді, ашық емес, бәсең.

– «Жүре берсең – көре бересің, көре берсең – көне бересің» демекші қалқайып, осы күнге жеткізгеніне де шүкіршілік етемін. Суға салған қайыстай созылып әлі тірі жүрмін. Ал менің замандастарым қынадай қырылды ғой. Қайран, асыл боздақтар-ай!.. Кел, алып қояйық.

Ол темекі алып тұтатып, құшырлана сорды. Шып-шып терін беторамалымен сүрткіштеп, маған еңкейе сыбырлап:

– Мен түрмеде көп болдым ғой. Алғаш Польшадағы концлагерьде, одан Германияда, одан Магаданда, кейін Мурманскіде – Баренцево деген суық теңіз жағасында болдым. Иә, әңгімемді басынан бастайын. Сен зейінді шәкіртім едің. Қазір жазушы-журналиссің. Саған келіп айтайыншы осының бәрін деп сан оқталып, жүрексініп жүр едім. Оның үстіне, көп қамалған жан қорқақ келеді, сауысқандай сақ болып үрейленіп өмірі өтеді. Сен жақсылап тыңдап ал. Саған айтпасам, бір күні миыма қан құйылып не болмаса жарылып кетермін.

Осы аудан орталығындағы интернатты Зәкір алтын медальмен бітіріп, Мәскеуге оқуға түсті. Екеуміз бір ауылда өскен доспыз. Мектепті бітірген жылы мені Зәкір шақырып алып, өзі оқитын университетке сүйреп жүріп түсірді.

Зәкір – жігіттің нағыз сұлтаны еді, мәскеуліктерді, бүкіл өз маңайындағыларды таңқалдырып, оқуда озат атанып, немісше судай ағып сөйлейтін, ақындардың өлеңін жатқа айтатын. Оны бағалап ұстаздардың ұсынуымен сталиндік стипендия алатын болды. Екеумізге жатақханадан бір бөлме берді. Біз шет тілдер университетінің неміс тілі факультетінде жарқырап көзге түстік, мен мандалинде ойнап, ән айтамын, Зәкір немісше өлең жазады.

Екінші курсты бітіріп, демалысқа ауылға барып келемін деп жүргенде соғыс басталды.

Бір-ақ күнде заманның асты үстіне түсті, күні кеше ғана жарқырап, құлпырып тұрған Мәскеу қара жамылды. Соғыс әзірейілдей ысқырып, жиі-жиі дабыл қағылып, түн баласы бірде-бір шам жағылмай, ел аласапыран күйге еніп, бықпырт тигендей есеңгіреп кетті. Зәкірді бірден әскерге алып кетті, он күннен кейін мен де Мәскеу түбінде окоп қаза бастадым. Одан әрі пойызбен майданға аттандым. Фашистер күн өткен сайын сыпырыла жылжып жақындап келе жатты. Жаудан қорғауға жан-жақтан эшалон-эшалон жігіттерді әкеліп төгіп тастай берді. Июнь-июль сапырылысқан солдаттардың көбі – өмірі қару ұстамаған, Орта Азия, Кавказдан келгендер бір ауыз орысша да білмейді.

Қойға шапқан аш қасқырдай анталап немістер келгенде біз әлі мылтық атуға үйрене де алмай жатқанбыз. Екі адамға бір винтовка, бес оқтан беріп, жауға қарсы шықтық. Жанымдағы серігім өлсе, винтовкасын аласың, әйтпесе жалаң уралап шығасың. Ә дегеннен баудай түсірді. Екі күннен кейін біз қоршауда қалғанымызды білдік. Командиріміз Власов бәрімізге «дұшпанға беріліңдер» деген бұйрық берді. «Мәскеу жау қолында, СССР жеңілді» деп листовкалар таратты. Сап-сабымызбен қару-жарақты тастап, ақ туды көтеріп, немістерге берілдік.

Өлім мен тірлік арасындағы өміріміз өң мен түстей халде өтіп жатты. Құр сүлде, әруей елесіміз ғана жүр. Алдымен Польшадағы концлагерьге қамады. Ауру-сырқау, коммунист командирлерді атып тастай берді, газ пешіне тірідей өртеді, тұтқындар лек-легімен ажал апанына кетіп жатты. Қыстың қақаған үскірік аязында далада қатып қалғандар қаншама! «Маған қашан кезек келер екен» деп күннен-күнге әл-дәрменім бітіп, біржола өлуге бел байлаған тұста күтпеген жерден Зәкір кездесе кеткені!.. Үстінде – жаңа киім, қасында – бір топ неміс офицерлері. Казармаларды аралап жүр.

– Зәкір, – дедім жауыңқұртша жер бауырлап жатқан жерімнен әрең көтеріліп. – Зәкір! Бұл мен ғой, Дәуіт Исаев, – деп дауысымды қаттырақ шығардым.

Әй, Зәкіржан өрт жігіт қой, жалт қарады да, бірден қасындағыларға менің де немісше оқығанымды, тілді жақсы білетінімді жеделдете жеткізіп, айта бастады. Аналар тілмашқа зәру екендігін аңғартып, дереу апарып моншаға түсіріп, концлагерьдегі немістерге аудармашы етіп қойды.

Зәкір бастаған аудармашылар бөлек жатамыз, тамағымыз да жақсарып сала берді. Еті тірі, көзі ашық оқыған тұтқындарды іріктеп Германияға айдады. Ол жақтағы түрмеде үсті-басы жарадан көрінбей, бір бұрышта бұралып, сасып тұра алмай жатқан Мырзалыны көріп қалдым. Зәкір, Мырзалы үшеуміз бір ауылдан быз, бірге өскенбіз. Түрмедегілерге тамақ таситынмын, анау мені тани сап жылап жіберді. Зәкірге айтып, оны емдетіп, жөндеп ас беріп, тыңайтқан соң тамақ тасушылар қатарына қостық. Аз уақытта ол өзіне келе есін толық жиып, шырайы кіріп, қалпына келіп алды.

– Сендерді бір жерге жіберткізейін деп жүрмін. Мені басқа жаққа ауыстырмақшы, – деді Зәкір.

Мырзалыны немістердің шошқа фермасына жұмысқа алдырды. Ал мені бір фабрикант байдың жалшылығына жіберді. Фабрикант – сыриған ұзын бойлы, қырым еті жоқ, отыздан асқан көзілдірікті жігіт. Мені адам деп көзіне ілмейді. Кәужіреген неміс шалынан сыпыртқы, күрек, күркедей бөлмесін өткізіп алдым. Байдың екі жылқысы мен бір овчаркасын, бір алабай төбетін күту, бау-бақшасына қарау менің мойнымда. Төңіректе қылау тұрғызбай есік алдын сыпыру, ағаштар мен гүлдерді суару, аттарды бір мезгіл далаға шығарып сейілдету , иттерге уақтылы тамақ беру… бір тыным жоқ. Мен барғаннан кейін екі айдан соң фабрикант әскерге шақырылып, бар жұмысын үлбіреген жас келіншегі қолға алды. Ол фабрикаға екі ат жеккен пәуескемен барғанды ұнататын, үй мен фабриканың арасы үш шақырымдай ғана. Күйеуі машинамен не мотоциклмен жүретін, әйелі пәуескені ұнатты. Әдемілеп пәуескенің үстіне күйме жасаттырдым. Көбіне-көп көмекші қызбен жүреді, көшірі – мен.

Күйеуі соғысқа барысымен оққа ұшыпты. Фрау Мария бір айдай қара жамылып жүрді. Берлинде әскери мектепте оқитын жеті жасар ұлы каникулға келіп, бір айдай болып кетті. Ол да – ұзын бойлы, суық өңді. Әкесін мен өлтіргендей өшпенділікпен қарайды. Жұмысымнан кінәрат тауып, шешесіне жамандап, мені күндіз-түні жұмсап кегін алады.

Фрау Мариямен немісше емін-еркін әңгімелесе береміз.

Арада жыл жарымдай уақыт өткенде жаздың тамылжыған ашық бір әдемі кешінде үйге төрт форма киген әйел келіп, Марияға күйеуінің орденін тапсырды. Бәрі далада шайханада отырып, шарап ішті. Кешқұрым фрау мені шақырып монша жаққызды. Өзі түсіп болған соң күйеуінің жаңа киімдерін беріп:

– Дик, енді сен де түсіп ал,– деп ерекше ықылас білдірді. Мені «Дик» деп атап кеткен. Өзінің моншасына бөтен жан адамды өмірі жақындатпайтын.

Несін жасырайын, моншадан кейін шайханада отырып екеуміз шарап іштік, артынан ол бір кішкентай құмыра алып шығып:

– Бұл – емдік шөп салынған таза спирт. Содан іш сен, Дик, – деп жарты стақан жұтқызып жіберді. Мені дереу дедектете жетектеп үйге кіргізіп, шешіне сап төсегіне гүмп құлады. Моншадан бұрқырап шығып, ішімде шарап бар, дәрі қосылған спирті бар, ежелгі патша көңілім шаттанып, гүл-гүл жайнап қанаттанып шыға келдім. Жаңа жауған ақша қар үстінде бұлаң қаққан тундраның ақ түлкісіндей келіншектің балауса, балғын денесі ойнақ қақтырып, арбап жатыр. Өлі денеге жан кіргізердей. Өлердей бір ынжық неме болмасаң, қалғаны жетіп тұр. Қалай шешініп, қалай құшағымыз айқасқаны есте жоқ. Өзге бір дүниеге еніп кеткенбіз. Іңкәр сезімдер ақтарыла, асауша бұлқынғанымыз, бәрі – бұлдыр-балдыр жан шымырлатар тәтті елес…

Күздегі күйі келген кер маралдай керілген жұмыр, жұмсақ ақ келіншек пен екеуміздің құшақтарымыз ажырамаған күйі қылықты да қызықты түннің тез сырғып, әппақ таңның қалай атқанын да байқамай қалыппыз. Ол кезде мен үйленбегенмін, әйел тәнін тұңғыш рет тұшынып, хор қызындай әппақ болып жатқан фрауға сұқтана қараймын кеп. Құшаққа толымды денесіндегі тікірейген тығыз төсіне дейін – мен ойлап көрмеген жұмбақ дүние.

Жалпы неміс әйелдерінің біразы көріксіз, сұңқиған, дәу мұрын, кәрі тауықтай қу сүйек, тыриған арық келеді. Ал фрау Марияның он екі мүшесінде қылаудай мін, кінәрат жоқ, аршын төсі мен аққу мойны, құлын мүшесі есті алып, құшырландыра түседі. Оның үстіне, жұқалап әтір себінген жұпар иісі қандай. Қай жерін сүйсем де, сипаласам да, жесір келіншек наздана еркелей нәзік ыңырсиды, жасамсыз бал сезімі бар. Маған жауап ретінде кірпігі ашылмаған күйі ол да бас салып, өліп-өшіп сүйе бастайды.

Қалың батпақтың ішінде де саф алтын жарқырап жатады, тікеннің де әдемі гүлі болады. Махаббат деген – нәзік, әсем сезім, адам жанының ең ардақты, ең аңсарлы түпкірінен бастау алатын тіл жеткізгісіз әлем.

Несін жасырайын, ондай тылсымы бар бейнені ғұмыры көргем жоқ. Жылдар жаңғырып, дүние сапырылысып қанша заман өтсе де, фрау Марияның елестей ғажап түр-тұлғасы әлі көз алдымда. Есіме түссе, ауырып қалардай болам.

– Дик, таң атып қалды. Тұра ғой, бүркітім! – деді соңғы рет құшырлана аймалап жатып. – Моншаға барып, өз киіміңді қайта ки. Бұл ісімізді ешкім білмеуі керек.

Үстіме суық су құйып жібергендей есімді жиып, таз қалпыма келдім. Өзімнің ескі киімімді киіп, енді малай ретінде пәуескені дайындадым. «Жазған құлда шаршау жоқ» деген.

Бал түндер, балауса күндер сырғып өте берді. Кештерде махаббаттың шырын селін бірге ішіп, бұла келіншекпен ақ төсегінде айқасып ұйықтап, күндіз тұтқын – жалшы болып жүре бердім. Махаббат, бұл – адам жанын нұрландырып, жанын жаңғыраққа бөлеп, шешек атып гүлдетеді. Фрау Мария да құлпырып, жайнап, толқынды шашын желкесіне түйіп, өзіне сай талғаммен киініп шыға келгенде, «шын соның өзі ме» дегендей аузым ашылып, таңырқай қалғанымды өзім де байқамаймын. Түн баласы сары алтындай жарқыраған жібек талды қолаң шашы тарқатылып мойнын, омырауын жепжеңіл жауып, наздана еркелейтін.

Ұзақ түндерде кейде түрегеп, жеңілжелпі жамылғы жамыла салып шәй ішеміз, қызулы ыстық көңілмен бал жаласқандай әңгіме-дүкен құрамыз. Қызығымыз күн санап артып жүрген сәтте бірде ол:

– Мен жүкті болып қалдым. Не істесем екен? – дегені. Не дерімді білмедім.

Мария тосылып қалған түріме қарап:

– Саспа, Дик. Сендей бүркіттен ұрпақ алып қаламын. Сұрағандарға «соғыста кеткен таныс немістің біреуінен» дей саламын. Өзің білесің бе, бізде неміс қатындары бала тапса, үкімет қатты көмектеседі, – дегені.

* * *

Совет әскері фашистерді қирата жеңіп келе жатты. Фрауым толысып, әдеміленіп, ежелгісінен де ажарлы келіншекке айналған сияқты. Шашы толқынданa сары алтындай сырғып, сусып төгіліп тұрады.

Ақыры жеңіс келді. Біздің фабрикамызда, қалаға іргелес поместьемізде ешбір өзгеріс бола қойған жоқ. Американдықтар келіп «бұл неғып жүрген азиат?» деп мені терген, фотоға түсіріп, жазып алып кетті.

Ең қызығы енді басталды.

Американдықтар жиі-жиі келіп менімен әңгімелесіп, Америкаға кетуге үгіттейді. «Ғажап өмір, тамаша тұрмыс құрасың» деп уәде берді. «Тіпті сол құрлықтағы таңдаған мемлекеттің қайсысына барсаң да рұқсат» дейді.

Біз тұрған жерді американдықтар басып алған, мұнда ФРГ мемлекеті құрылды. Совет әскері алған жерде социалистік ГДР орнады.

Маған пакетпен хаттар келе бастады. Совет елшілігінен, жоғары қолбасшыдан, тағы басқа құзырлы жерлерден туған елге қайтуға шақырған хаттар алдым.

Қабанбай батыр көшесі, 23
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Жүріп-тұруы ауырлап, толысқан фрау Мария:

– Дик, сен осында, жанымда қал. Ұзамай балалы боламыз. Саған осы елдің азаматтығын алып беремін. Тамаша өмір сүреміз, екеумізге ғұмыр бойы жететін байлық, дүние бар, – деп, түнде көзі жасқа шыланып жалынып, жалбарынады.

Қайсысына сенерімді білмеймін. Елімді, қазағымды аңсаймын. Алып қашпа әңгімелер көп. Біреулер «соғыста фашистерге тұтқынға түскендерді Совет өкіметі аямайды», – дейді. Фрау Марияға да бауыр басып қалдым, біреулер байлығы тасыған Америкаға пароходқа отырып кетіп жатты.

Күз әлі бола қоймаған қоңыржай бір салқын күні аттарды өзеннен суарып, сейілдетіп келе жатсам, есік алдында совет машинасы тұр. Жүрегім зырқ ете түсті. Үйден үш советтік әскери шыға келді. Біреуі – Зәкір, көзіме оттай басылды. Үстінде «СССР-дің лейтенанты» деген погон таққан жап-жаңа әскери киім. Құшақтасып, көрісіп жатырмыз, көзімнен жасым ытқып кетті.

– Дәуіт, елге қайтамыз. Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас. Міне, Сталин жолдастың бізге деген үндеуі мен жарлығы. «Отандастарым, елге оралыңдар. Бейбіт еліміз соғыстан қалжырады. Соны көркейтейік, бауырларым», – депті Сталин жолдас, – деп орысша сөйлеп, маған парақ-парақ қағаздар берді.

Қасындағы екі капитан да жылы жүзді, жайдарлы жандар екен. «Правда» газеті мен журналдарды ашып тұтқыннан қайтқандардың бүгінгі жақсы тұрмысы жайлы фотосуреттерді көрсете бастады.

– Оқуымызды жалғастыруға да мүмкіндік беріп отыр. Міне қарашы, оқышы өзің, – деп Зәкір де тықпалап қоймайды.

– Дәл қазір өзіңе Совет солдаты формасын кигіземіз. Сталин жолдас барлығымызға кешірім жариялады, – деп тапалдау капитан рюкзакты қолыма ұстатты.

Зәкір мені шешіндіріп, форманы киіндіре бастады. Үр жаңа киім құйып қойғандай тұп-тура.

– Бір минут үйге кіріп, қоштасып шығайын, – деппін сасқанымнан.

Совет солдаты киіміммен кіріп келгенде фрау Мария жылап жіберді.

– Кетерінді білгенмін. Қайтемін, Дик. Аман-сау бол. Бекер сенесің, радиода, газетте күнде айтып жатыр ғой ол жақты. Үйжайың, адресің қалай?

– Жамбыл ата ауылы. Ақын.

– Джамбул ата, – деп күбірледі ол.

Еңкейіп, үстелдің астынан подсигар және екі қорап сигарет алып берді. Подсигардың бетіне «Мариядан ескерткіш, 1945 жыл. Август»– деп жазылыпты.

– Балаң дүниеге келгенде осыны саған сыйлайын деп едім… Перзентіңнің атын кім деп қояйын?

– Ұл болса – Бүркіт, қыз болса Фатима деп ата.

Машина бипілдеп, мені шақыра бастады. Айна алдында тұрған Марияның алақандай ғана кішкентай суретін алып, қатты қағазға орап төсқалтама салдым.

Ол көзі боталап, далаға да шығарып сала алмай құшақтап сүйіп:

– Даут, қош бол, қош! – деп нағыз атымды енді атап, жылап қалды.

Сырттағы үшеуі үш жағымнан қаумалап, машина қорабына секіріп міндім. Қасыма мені құшақтап Зәкір отырды.

– Біз Мәскеуде оқимыз, Дәуіт. Әлі алдымызда тамаша уақыт бар, – деп ол мәз болып, болашағымызды қиялдап кетті.

Фрау Марияның әппақ үйі бұлдырап, қалың ағаштан көрінбей қала берді.

Пойызға мінер тұста Мырзалыны жолықтырдық. Екі бетінің ұшы қызарып, үстінен жаман күлімсі иіс кетпейді. Бізді көріп еңіреп жылап жіберді.

Әр-әр жерден тоқтап өзімізден тұтқындарды теріп, жуындырып, киіндіріп, ұзын эшалон ысқыра қозғалып, шығысқа қарай бет түзеді.

«Туған елге жетсек» деген көңіліміз алып ұшады. Зәкір, Мырзалы үшеуміз бір вагондамыз. Орысша, қазақша ән саламыз. Бүкіл эшалондағы қазақтармен шұрқырасып, танысып мәре-сәре мәзбіз.

Баяғы екі капитан тоқтаған жерде жинап, әңгіме өткізеді. «Бәріне кінәлі сатқын генерал Власов, сендердің түк кінәларың жоқ. Өз ауылдарыңа, үйлеріңе барып, туған-туыстарыңмен қауышып, жұмысқа тұрасыңдар. Оқып жүргендер оқуларын жалғастырады», – деп, Зәкір екеумізге қарап жымиып қояды.

СССР шекарасынан өткенде шуылдасып, жүрегіміз жарылардай қуанғанымызай! Совет жеріндегі алғашқы станцияға тоқтағанымызда, автомат асынған, овчарка иттері арпылдаған солдаттар әр вагонның есігінің екі жағына тұра қалып:

– Қолдарыңды көтеріп, бір-бірлеп өтіңдер, – деп әрқайсымызды жеке-жеке тексеріп, алдын-ала дайындаған түрмеге қамады.

Баяғы бізді алып келген екі капитан формаларын өзгертіп киіп келгенде білдік – НКВД-ның офицерлері болып шықты. Бізді алдап қақпанға түсіріпті, Жаналғыш әзірейілдей сұрланып, қандарын іштеріне тартып, түні бойы сұраққа алып:

– Отанын сатқан опасыздар! Неміс фашистерінің құйыршықтары! – деп былш-былш тебеді.

Мария фрау берген портсигар мен суреті бәле болып жабысты. Немісше білетінім, аудармашы болғаным жайлы Мырзалы жырдай ғып айтып беріпті. Ұрып-соғып, ұйқыдан айырып, есалаң жандай сенделтіп берген сұрағына бас шұлғып, қол қоюдан басқа амал қалмады. Әбден есеңгірегенде тірлігіңнің құны бес тиын болмай қалады екен.

Топ-тобымызбен әскери сотқа апарып, Зәкір екеумізді жиырма бес жылға, Мырзалыны он бес жылға соттады. Бізді Магаданға айдады, онда да тұрақтамай ары Тундрада мұздың астындағы мәңгі тоң бол қатқан жерді қазатын ерекше зонаға іліктік. Ерекше дейтінім, аштан, суықтан өлсек құнымыз жоқ, тапсырманы орындамасаң атып тастай салады, ауырсаң – емдемейді, суыққа қатырып, шанаға тиеп қалың орман ішіне жыртқыш аңдарға жем қылуға апарып тастайды.

Тундрада жердің астындағы тау-тастарды жылдар бойы тесіп-қазып, қураған шыбықтай жіңішкеріп, енді біттік-ау дегенде амнистия жарияланды.

Ішінара кейбіреулерді босатып жібере бастады. Ақыры он екі жылдан кейін ғана Зәкір екеумізді босатты.

Ауылдағылар тірі әруақтай тұрпатымызды көріп, бізді танымай қалды. Сталин өлгеннен кейін-ақ Мырзалы елге қайтыпты. Ол – ауылда ысқырған бригадир, Зәкір екеуімізге әкіреңдеп, колхоз жұмысына салып қойды. Көтерем арық жылқыдай ыңыршағымыз шығып жүрсек те, жұмсаған жағына бара бердік. Көргенде қорлықты Мырзалыдан көрдік. «Әй, немісқе сатылған опасыздар, сатқындар!» – деп сасық күзеніше шаңқылдап, жұрттың көзінше бізге жөні жоқ тисетінді шығарды. Әбден запыс болып қалған мен үндемей құтыламын. Зәкір бірде шыдамай кетіп «Мырзалы, сені сасып өлейін деп жатқан жеріңнен сүйреп алып қатарға қосқан мен емес пе едім» – деп еді, Мырзалы шарт ете түсті «Контрсың, сатқынсың, немістің формасын киген фашист», – деп қамшымен тартып жіберді де, шапты да кетті.

Ауылға келгенімізге төрт ай болғанда бізді қайта апарып қамады. «Аса қауіпті шпион» деп Мырзалының жазған арызына орай қайта сот болып, екеуімізге бес жыл беріп, Мурманскіге айдады. Үш жылдан кейін Хрущев амнистия жариялап, туған жерге табанымыз қайта тиді.

Зәкір тұралап ауырып оралды, күрк-күрк жөтеліп, содан көтеріле алмай қайран азамат көз жұмды. Мен Алматыдағы екі жылдық мұғалімдер институтын бітіріп алдым. Мектепке жұмысқа тұрып, үйлі-баранды болып, ел қатарына іліндім. Іскерлігімді көріп, интернатқа бастық етіп қойды.

Міне сол жылы сен интернатта мектеп бітіреді екенсің. Әп-әдемі жұмыс істеп жүр едім, үстімнен тағы арыз түсті. «Отанын сатқан, пленде болған жан қалай жас ұрпаққа тәрбие береді», – депті. Тексерушілер келіп, бар ісімді асты-үстіне шығарып, қанша қазбаласа да, ештеңе таба алмады. ОблОНО-ның бастығы, қасында жәй киініп алған КГБ-ның екі қызметкері интернат тәрбиеленушілерінен сені шақырып сөйлескенде, «Исаев Дәуіт ағайдай білімді, үлгілі ұстаз, интернат бастығы бізге керек!» – дегеніңде бәрі отырып қалғаны әлі есімде. Ақыры мені КГБ ұсынысымен жұмыстан босатып, интернаттың бүкіл шаруашылық жағына қарайтын завхоз етіп қалдырды. Қарамағымда жирен ат, бір шана, бір арба бар, өзің білесің, қысы-жазы су тасыдым, асханаға болыстым, бітпейтін жұмысты ақырын атқарып жүре бердім. «Сатқын, шпион, пленге түскен» деген суық сөз жүрегімнен өтіп, той-томалаққа да бармаймын, тартынып арақ-шарап та ішпеймін, ешкіммен сырласып, бейпіл сөйлеспеймін, өз-өзімнен ішімнен тынып, томаға-тұйықтанып алдым. Үш ай сайын қалаға комендатураға барып, есепке тұрамын.

Бірде түнде үйге келіп мені алып кетті. Алматыдағы өзіме таныс Дзержинский көшесіндегі КГБ абақтысына екі күн қамап қойды.

КГБ-ның үш тергеушісі кезек-кезек сұраққа алады.

– Сенің ФРГ-да қызың бар ма?

– Фрау Мюллер Мария деген әйелің болды ма?

– Олармен хабарласып тұрасың ба?

Әбден зәрезап болып қалған байғұс басым не дерімді білмедім. Тайсақтап көріп едім, қолыма хат берді. Немісше жазылған бұл хатты Мюллер Марияның қызы Фатима жазыпты. Хатты оқып жатып, көзім бұлдырап, көрмей қалды. Көңілім құрт босап, шұбырған көз жасымды тыя алсамшы. Фатимаға шешесі әкесінің Исаев Дәуіт, Жамбыл ата ауылынан екенін нығарлап айтыпты.

Фатима – үлкен фабрикант, отыз бесте әкесін іздеп хат жазыпты.

Менен баяғы тәркілеп алған фрау Марияның және шашы қара, қасы қара бір әдемише қыздың фотосуретін көрсетті. Қайран Мариям-ай, қандай асылзада перизат едің? Сен қыз тауып, атын Фатима қойып, әкесі кім екенін ақиқаттап айтқандығың қандай? Қызым да нағыз жаужүрек батыл, мені іздеп, сұрау сап, хат жазғанын көрмейсің бе? Шешесі былтыр қайтыс болыпты, басқа күйеуге тимей, бар ғұмырын жалғыздықта өткізіпті. «Әкемді бір көрсем – арманым жоқ», – депті қызым хатында.

Жүрегім езіліп, қанжылап отырып оқыдым.

Үшінші күні мені әбден қысып-қысып, ешкімге ештеңе айтпау жөнінде қолхат алып, әзер босатты. Германиядағы Фатима Мюллер ханымға «мұндай адам бұл елде тұрмайды», – деп хат жазып жіберді.

Арада үш жылдай уақыт өткенде бір үлкен оқиға болды. Үйге бір топ жалаңдаған адамдар кіріп келіп, бәрімізді даладағы автобусқа апарып отырғызып, ауылдың сыртына алып шығып кетті.

Отбасымызды көрсетпеу үшін КГБ қызметкерлері көзімізді жоғалта тұруға сыртқа әкеткен екен.

Үйімізге өздерімен келген бір әйелді кемпірше киіндіріп отырғызып қойыпты. Мені баяғыда өліп қалған деп, ал мына кемпір әйелі, балалары жоқ депті.

Бірақ Фатима елеусіздеу рамада тұрған менің суретімді фотоаппаратымен түсіріп алыпты да, жылап қайтыпты. Үйіме бір бума ақша – марка тастап кетіпті.

Мұның бәрін сол бойда мені алып кетіп, тергеген кгбшниктер айтып берді. Қызымның жүрген-тұрғанын, бәрін-бәрін суретке түсіріп алыпты, соны көрсетті. Әкеліп берген ақшаны өздері алды.

Ақыры мені бес жылға Түркменстанға жер аударды, бүкіл отбасымды көшіріп алып кетіп, сол жақта болып қайттым.

Құдайдың берген үш ұл, екі қызым бар. Әйелім жуас, шаруаның адамы. Олар ештеңе білмейді де, сезбейді. Мен бұл жайлы тіс жарып жан баласына айтпадым, айтуға хақым да, хұқым да жоқ.

Кеше Алматыға КГБ тағы шақырыпты. Баяғы фрау Мария маған сыйлаған портсигар мен кішкентай алақандай суретін көрсетті. Фатима Мюллер «жол апатынан қайтыс болыпты» деп хабарлады. Мен селт етпедім, олардың өтірік айтып тұрғанын анық білдім. Іс-әрекеттерін көре берген соң солардың өздеріндей қуланып, дағдыланып алады екенсің.

Фатима қызым тірі, ол Мария екеумізден туған, өткірлігі тас жарады. «Ірі бай, буржуй, шіріген капиталист, ел қанаған фабрикант өліпті», – деп соғып отыр. Іштен тынып, үндемедім.

Өзім үйренген сұрғылт үйдің подвалындағы абақтысына үш күн түнетіп, бүгін жіберді. Сол жаққа барып шыққаннан кейін денем қышып, үстіме керосин жаққандай жаман әсер аламын. Моншаға әдейі келіп түскенім ғой.

Екі күннен кейін Ұлы Жеңістің отыз жылдығы, соғыс біткеніне міне отыз жыл. Мен замандастарым секілді көшеге ол күні шықпаймын, үйде тығылып отырамын.

* * *

Ол кісі тағы темекісін алып тұтатып, құшырлана сорды. Екеуміз екі бөтелке «Портвейн» шарабын тауыстық. Ол төңірегіне күдіктене қарап шықты. Терісін асықпай сүртінді.

– «Мұны маған неге айтты?» деп отырсың ба? Ішім тола жасырын шер мен зар ғой. Алтын құрсақ әйелдің ішінде бесігімен ұл жатады, арманда жүрген еркектің ішінде ат басындай шер жатады. Тұңғыш рет өмірімді айтып, шерімді тарқаттым. Тұншығып өліп кете жаздаймын. Тек түсімде көріп шығамын, немісше сөйлеп жатамын. Фрау Мария екеуміздің мәңгілік махаббатымыздың айғағы – Фатима қызым алғыр боп өсті. Ол талай жерді жарып шығады, сендер көресіңдер соны, әлі.

– Иә, мұның бәрін, сырым мен шынымды, қара тас боп қалған шер-шеменімді саған айтып отырғаным – сенің зейінің бар. Адам танысаң, әлі талай-талай асуларды асып, биіктерге шығасың, қарағым. Тек бұл сырымды жан баласына айта көрмегін. Жарай ма?

– Ешкімге айтпаймын аға. Мырзалы қайда қазір?

– Қойға шығып кеткен. Құм ішінде жеке отырады, қой бағады. Жас әйел алған.

– Кейін көрдіңіз бе?

– Көрмегенде ше? Түк болмағандай арсалаңдап амандасып, жырқ-жырқ етеді. Әлі күнге дейін үстінен күлімсі жаман иіс шығып тұрады. Әлде маған солай көрінеме!? Қай заман келсе, сол заманның иті болып үретіндер ғой. Тұншықтырған шерімді бір шығарып, жасап босап қалдым-ау… Мен татып алмаймын ғой, ауырмайтын жерім жоқ, қаукиып жүрген құр кеудем, сүлдем ғана.

Бүгін сенімен ішкім келгенін, бәрін ақтарып айтқым келгенін қарашы. Сәтті болды, қасіретімен буындыра буып қамаған қайғым сейіліп, бір рахатқа түскенімді қарашы. Қой, мен ауылға қайтайын, автобус кетіп қалар.

Ол екі ұмтылып, орнынан әзер тұрды.

–Нариман, қайыр-қош. Жаман ағаң бірін айтам деп бәрін айтты. Пенде ғұмыр деген осы-ау, сірә…Шығарып салмай-ақ қой.

Ол қолымды алып, қоштаса бастады. Алақаны өрттей ыстық, ылжырап терлеп тұр. Қалың ой қамалаған мен орнымда балбал тастай қатып қалдым.

Арада екі айдай уақыт өткенде Дәуіт Исаев ағайдың қайтыс болғанын естіп, қатты қайғырдым.

* * *

Кеше үйіме келіп қонып кеткен, баяғыда интернатта бір сыныпта бірге оқыған Айқымбай досыма осыны айтып беріп едім, ол мұңға бата, тіпті көзіне қайта-қайта жас алып, шексіз әсерлене тыңдады.

– Сен мұны жаз. Тағдыр ғой, заман басқа салған қасіретті қарғыс өмір ғой, – деді ол үніне діріл араласып.

Адам картайғанда көңілі бос, жылауық келеді-ау.

Ол кеткен соң түні бойы тапжылмай отырып, осыдан қырық бес жыл бұрын «Голубой Дунай» деген кафеде Дәуіт ағамның айтқандарын мұртын бұзбай түгел қағазға түсіре бастадым.

Адам өмірі бір тал өкпен өлшенетін соғыс қасіреті мен оның тыртығы мәңгі-бақилық жүректерде шер болып қатып қалған зауал шақтар-ай…

Нағашыбек ҚАПАЛБЕК, жазушы
("Қазақ әдебиеті" сайтынан алынды)

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«МЫ ДЕТИ ОДНОГО ДОМА»

На сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания. Данная проблема требует к себе акцентированного внимания, поскольку количество детей с врожденными и приобретенными пороками развития с каждым годом растет. Инклюзивное образование стремится развить систему, направленную на детей и признающую, что все дети — индивидуумы с различными потребностями в обучении.

Обучение в общеобразовательной школе, среди нормально развивающихся сверстников, дает возможность ребенку с особыми образовательными потребностями чувствовать себя обычным, таким же, как его друзья, одноклассники, мальчишки и девчонки во дворе. «Общество не имеет права лишать детей с ограниченными возможностями получить образование, развить свои способности, талант и главное, иметь среду общения с нормальными детьми. Теперь детей с ограниченными возможностями в развитии можно не отдавать в закрытые интернаты, а определять в обычные детские сады и школы. Это и есть инклюзивное образование, - говорит Ситасманова Камилла Рустемовна, руководитель Общественного фонда «Другая жизнь», созданного для помощи людям с расстройством аутистического спектра. Один из путей преодоления их проблем – продвижение идеи инклюзивного (включающего или интегрированного образования), о котором говорится в Конвенции о правах инвалидов, подписанной Казахстаном в 2008 году. В Казахстане инклюзивное образование делает только первые шаги, хотя во многих странах мира почти все школы инклюзивны. В Послании «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» (02.09.2019г.) Президент К.Токаев указал, что необходимо создавать инклюзивное общество, равные возможности для людей с особыми потребностями. А в построении инклюзивного общества большая заслуга принадлежит школе с инклюзивной ориентацией, профессионально обученному педагогу.

Мария НУРАСИЛОВА,
учащаяся 11кл. КГУ «сш им.Е.Берликожаулы»
г. Талдыкорган.

На территории Алматинской области проводится второй этап месячника пожарной безопасности в жилом секторе

В целях усиления пожарной безопасности в жилом секторе и предотвращения гибели людей на пожарах, отравления людей угарным газом, на территории Алматинской области проводится второй этап «Месячника пожарной безопасности», в ходе которого личным составом Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области проводится подворовый обход с приоритетом на дома социально уязвимых слоев населения, проводятся инструктажи на противопожарную тематику, раздаются корешки-предложения.

Наиболее частыми и повторяющимися нарушениями правил пожарной безопасности в жилом секторе являются: эксплуатация отопительных печей на твердом топливе с имеющимися трещинами в дымоходе и топочных колодцах; эксплуатация печей с не прочищенным дымоходом; эксплуатирование электрической проводки потерявшей свои защитные изоляционные свойства.

Вместе с тем, одной из наиболее распространенных причин возникновения пожаров является нарушение правил эксплуатации электрооборудования, электронагревательных приборов.

АЛАТАУ: - Алматы елдің рухани астанасы ретінде бұрыннан мәлім. Соған орай өзге өңірлермен салыстырғанда облысымыздағы ақын-жазушылардың шығармашылық өсу мүмкіндігі де мол. Әсіресе қазіргі әдеби өмірдің айналасында жүрген жас буынға келгенде сөз басқа. Үкілеп үміт артатын, болашағы мол іні-қарындастарыңыз жайында айтсаңыз?

Жангелді НЕМЕРЕБАЕВ: - Иә, күннен-күнге өркендеп, өсіп келетін Жетісудың жауһар қаласы Талдықорған шаһары да еліміздегі мегаполистердің қатарына еніп келеді деуге болады. Қазір осы қалада, жалпы Жетісуда қаламгерлерге мүмкіндіктер мен қолдаулар көп. Құдайға шүкір, біздегі әдеби орта өте ұйымшыл. Арамызда ақылшы ақсақалдарымыз да бар. Өңіріміздегі өсіп келетін әдебиеттегі талантты қыз-жігіттердің аттарын атап, бөліп жармай-ақ қояйын. Әрқайсымен карым-қатынасымыз қалай екенін өздері жақсы біледі. Кейде олардан да ақыл сұрайтын кездеріміз болады. Бұйырса біраз жылда республикаға есімдері дүркірейтін жас ақын-жазушыларымыз шығып келеді.

АЛАТАУ: - «Жұматайдың қағанаты» деген тіркес әдебиет әлемінде әлі мәнін жоғалтқан жоқ. Бұл жүрегінде оты, өнері нілді ақынды балапандай баулып қанатының астына алған жыр жүйрігі Жұматай ақын туралы аңызға бергісіз атақ. Басқа облыстарда осы бір игі дәстүр бар. Жетісуда қалай?

Жангелді НЕМЕРЕБАЕВ: - «Жұматайдың қағанаты» тарихта бір-ақ рет болған. Ол бәрімізге аңыз. Сол ақынның ноябрьдарының өздері бүгінде бір-бір қағанға айналды. Ал, Жетісуда ондай атаумен аталатын әдеби орталықтар жоқ. Бұрнағы жылдары аяулы ақын, маған батасын берген әдебиеттегі ұстазым Әбен Дәуренбек көкеміздің «Ақ құс» атты әдеби қауымдастығы болған екен. Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын «Тамшыбұлақ» атты әдеби бірлестігі құрылғаннан кейін өткен жылы ҚР Жазушылар одағының облыстық филиалы ашылып, бүгінгі күнге дейін жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар өткен жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жанынан ашылған Аршын Айдынбеков деген бауырымыз жетекшілік ететін «Мизам» жас әдебиетшілердің клубы Қазақстан Жазушылар одағының Алматы облыстық филиалымен бірге Жетісу әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосып келеді.

АЛТАУ: - Сұхбатыңызға рахмет.

Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЛЮЧЕВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РЕФОРМЫ

После обретения страной независимости в казахстанской судебной системе произошли существенные изменения. Одним из ключевых направлений реформ Первый Президент-Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев обозначил обеспечение верховенства права и модернизацию этой сферы. За последние годы принято множество государственных программ и законодательных новшеств в целях улучшения деятельности судов – они реализованы с разной долей успеха.

Председатель Верховного Суда Республики Казахстан Жакип Асанов предложил меры, направленные на решение ее насущных задач и названные семью камнями правосудия.

В частности, в качестве первой задачи Председатель Верховного Суда определил справедливость правосудия. Было признано, что люди видят совершенно разные судебные решения по схожим делам, что, конечно, не может не вызывать у граждан вопросов, а порой и ощущения несправедливости, творящейся в судах. В целях обеспечения справедливого правосудия предложено более активно задействовать принцип равноправия сторон уголовного процесса и их состязательности.

Вторая задача правосудия – обеспечение независимости и повышение ответственности судей. Последние сегодня часто жалуются на зависимость от председателей судов, которые вмешиваются в процесс судопроизводства, проверяют судебные акты, пользуются правом составления характеристики на судью при его переходе в другие суды.

Достижение эффективности правосудия названо третьей задачей. Каждый гражданин имеет право вынести спор на рассмотрение в суд. При этом судебное производство долгий и дорогой процесс. Уменьшение количества исков привело бы к улучшению качества правосудия. Эта задача решается сегодня судебными органами путем расширения примирительных процедур и медиативных соглашений между сторонами. При этом существенно возрастает роль адвокатуры.

Четвертая задача – внедрение административной юстиции. Предлагается расширить сферу деятельности административных судов. В частности, отдать им споры между государственными органами и гражданами. Тем более что мировая практика свидетельствует об эффективности таких судов.

Пятая задача – создание института следственных судей. В настоящее время именно они выдают все санкции на арест. Ранее при выдаче санкции на содержание под стражей судья не имел права проверять обоснованность подозрения. Теперь же он обязан проверять и в случае, если подозрения следствия недостаточны, отказывать ему. Признано необходимым неукоснительно выполнять требования закона, возлагающего на следственных судей обязанность по обеспечению должного контроля за следствием на досудебной стадии.

Шестой задачей назван качественный отбор кандидатов в судьи. Прежние процедуры – тест на знание законов и собеседование – вызвали вопросы у председателя Верховного суда. Он предложил ужесточить правила, и это учтено Высшим судебным советом.

Седьмая задача курс на цифровизацию. Внедрение современных информационных технологий будет способствовать укреплению эффективности судебной системы и повысит доверие к ней со стороны общества. Здесь ключевые задачи - обеспечить беспрепятственный и удобный доступ к правосудию через IT-сервис, автоматизировать судопроизводство и сделать его экономным, начать работать с большими данными.

Марлен КИРГАБАКОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

Медиация это выгодная сделка для сторон, которая проводится на основе принципов: добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности.

ВЫГОДНАЯ СДЕЛКА ДЛЯ СТОРОН

Целями медиации являются: достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон. Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации.

В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта), свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности.

Стороны медиации вправе: добровольно выбирать медиатора (медиаторов); отказаться от медиатора; в любой момент медиации отказаться от участия в ней; участвовать в проведении медиации лично или через представителей, полномочия которых основаны на доверенности, оформленной в установленном законом порядке; при неисполнении или ненадлежащем исполнении соглашения об урегулировании спора (конфликта) обратиться в суд или орган, ведущий уголовный процесс, в производстве которого находится дело, в связи с которым осуществлялась медиация, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Стороны медиации обязаны исполнять соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке и в сроки, предусмотренные этим соглашением и имеют также другие права и несут другие обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Процедура медиации не применяется к спорам (конфликтам), возникающим из отношений, указанных в пункте 1 настоящей статьи, в случае, если такие споры (конфликты) затрагивают или могут затронуть интересы третьих лиц, не участвующих в процедуре медиации, и лиц, признанных судом недееспособными либо ограниченно дееспособными.

Процедура медиации не применяется к спорам (конфликтам), возникающим из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, когда одной из сторон является государственный орган.

Процедура медиации не применяется по уголовным делам о коррупционных преступлениях и иным преступлениям против интересов государственной службы и государственного управления.

Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации.

Абзал ШАКУАЛ,
судья Алакольского районного суда.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесі пошта индексі 040000, Талдықорған қаласы, Еркін ауылы Болашақ көшесі №1/2, электрондық пошта spasr_almob@emer.kz, ақпарат үшін телефон (факс) 8 (7282) 30-62-00, кадр саясаты бөлімінің тел. 8 (7282) 30-50-33, азаматтық қорғау органдарының бос қызмет орындарына конкурс жариялайды.

1. C-SV-13 санаты бойынша өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндіру автокөліктерінің жүргізуші-қызметкері лауазымына – 13 бірлік:

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы **№12 ӨСБ-1 бірлік,** Іле ауданы Боралдай ауылындағы **№13 ӨСБ-1 бірлік,** Райымбек ауданы Нарынқол ауылындағы **№30 ӨСБ– 1 бірлік,** Іле ауданы Ақши ауылындағы **№31 ӨСБ– 2 бірлік,** Кеген ауданы Кеген ауылындағы **№11 ӨСБ-1 бірлік,** Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы **№14 ӨСБ– 2 бірлік,** Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы **№6 ӨСБ-1 бірлік,** Алакөл ауданы Достық бекетіндегі **№20 ӨСБ– 2 бірлік,** Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы **№17 ӨСБ – 1 бірлік,** Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы **№19 ӨСБ- 1 бірлік.**

Лауазымдық міндеттері: Өрт орнына өрт сөндіру автомобилімен жеке құрамды жеткізу. Бекітілген техниканың сондай-ақ оларға орнатылған механизмдердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Бөлім қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің барлық түрлерін әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда басқара білу. Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жұмыстарын жүргізе білуге міндетті.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. В,С және одан да басқа санатты жүргізуші куәлігі бар. Жүк автокөліктерінде 3 жылғы тәжірибесі болу керек. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

2. C-SV-13 санаты бойынша өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндіруші-радиотелефоншы лауазымына – 5 бірлік:

Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы **№6 ӨСБ-3 бірлік,** Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы **№9 ӨСБ– 1 бірлік,** Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы **№7 ӨСБ– 1 бірлік.**

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өрт және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде хабарламаларды қабылдау және өңдеу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Ер азаматтар үшін Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

3. C-SV-12 санаты бойынша мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-радиотелефоншы лауазымына – 1 бірлік:

Талғар ауданы Талғар қаласындағы **№2 МӨСБ- 1 бірлік**.

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өрт және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде хабарламаларды қабылдау және өңдеу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Ер азаматтар үшін Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

Жалпы: 19 бос лауазым қатардағы және кіші басшы құрам.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен обьективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алды.

Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін адамдар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелеу үшін адам кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттары қабылдау хабарландыру жарияланғанан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Талдықорған қаласы, Еркін ауылы Болашақ көшесі №1/2, мекен-жайында («Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі кадр саясаты бөлімі) жергілікті сағатпен 09.00- ден бастап 18.00 дейін, демалыс күндері (сенбі, жексенбі) және Қазақстан Республикасының мерекелік күндерінен басқа күндері қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдыкорган) **Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан» почтовый индекс 040000 г. Талдыкорган с. Еркин, ул. Болашак, 1/2, электронная почта spasr_almob@emer.kz, телефон (факс) для справок 8 (7282) 30-62-00, отдел кадровой политики тел. 8 (7282) 30-50-33, объявляет конкурс на занятие вакантных должностей органов гражданской защиты Республики Казахстан.**

1. Водитель-сотрудник пожарных автомобилей пожарной части и пожарного поста– 13 единиц, категория С- SV-13:

Наименование подразделении, количество вакантов: ПЧ №12 села Отеген батыр Илийского района**- 1 ед., ПЧ №13** села Боролдай Илийского района**- 1 ед., ПП №30** села Нарынкол Райымбекского района– **1 ед., ПП №31** села Акши Илийского района – **2 ед., ПЧ №11** села Кеген Кегенского района**-1 ед., ПЧ №14** села Баканас Балхашского района – **2 ед., ПЧ №6** город Есик Енбекшиказахского района**- 1 ед., ПЧ №20** станции Достык Алакольского района – **2 ед., ПЧ №17** города Ушарал Алакольского района– **1 ед., ПЧ №19** села Сарыозек Кербулакского района – **1 ед..**

Должностные инструкции: Доставка личного состава на пожарном автомобиле к месту пожара. Обеспечение бесперебойной работы закрепленной за ним техники, а также установленных на ней механизмов. Умение управлять в различных дорожных и метеорологических условиях пожарными автомобилями всех видов, имеющимися на вооружении части. Выполнять техническое обслуживание и ремонт пожарных автомобилей.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее, имеющие водительское удостоверение с категориями В,С и более, стаж работы на грузовых автомобилях не менее 3-х лет. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

2. Пожарный-радиотелефонист пожарной части и пожарного поста- 5 единиц, категория С-SV-13.

ПЧ №6 город Есик Енбекшиказахского района**- 3 ед., ПЧ №9** города Каскелен Карасайского района– **1 ед., ПЧ №7** села Узынагаш Жамбылского района- **1 ед.**.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, прием и обработка сообщений о пожарах и иных чрезвычайных ситуациях.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Для мужчин прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

3. старший пожарный-радиотелефонист специализированной пожарной части- 1 единица, категория С-SV-12.

СПЧ №2 города Талгар Талгарского района**- 1 ед..**

Должностные инструкции: Несение караульной службы, прием и обработка сообщений о пожарах и иных чрезвычайных ситуациях.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Для мужчин прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

ИТОГО: 19 вакантных должностей рядового и младшего начальствующего состава.

Для обеспечения прозрачности и обьективности работы конкурсной комиссии на ее заседание приглашаются наблюдатели.

В качестве наблюдателей на заседании конкурсной комиссии могут присутствовать депутаты Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, аккредитованные представители средств массовой информации, других государственных органов, общественных обьединений (неправительственных организаций), коммерческих организаций и политических партий, сотрудники уполномоченного органа по делам государственной службы.

Для присутствия на заседании конкурсной комиссиив качестве наблюдателя лицо регистрируется в кадровой службе не позднее одного рабочего дня до начала проведения собеседования. Для регистрации лицо предоставляет в кадровую службу копию документа, удостоверяющего личность.

Прием документов участников конкурса осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации объявления о проведении конкурса по адресу: город Талдыкорган с. Еркин, ул. Болашак, 1/2, (отдел кадровой политики государственного учреждения «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдыкорган) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан») с 09.00 часов до 18.00 часов местного времени, выходные дни (нерабочие дни) суббота, воскресенье и праздничные дни Республики Казахстан.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ТУРНИР

Талдықорғанда грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, білікті бапкер Бақтай Қапсаламовты еске алуға арналған республикалық турнир аяқталды.

Жарыстың ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Елдос Рамазанов пен Алматы облысы Спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев қатысып, боз кілемде белдесетін балғын балуандарға ақ жол тіледі. Құрметті қонақтар қатарында жуырда ғана Грузияда грек-рим күресінен ардагерлер арасында өткен әлем чемпионатында бас жүлдені олжалаған Қасенхан Серғазиев ағамыз бастаған бір топ белгілі балуандар болды.

Айтулы жарыста еліміздің бірқатар өңірінен жиналған 2004-2006 жылы туған жасөспірімдер бақ сынады. Аса тартысты өткен бәсекелерде төменде есімдері аталған балуандар өздерінің мықтылығын мойындатып, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді:

22 кило – Жанарыс Махсетбаев (Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы), **27 кило** – Әлинұр Айтмұрат (Алматы облысы, Ескелді ауданы),

29 кило – Бақдәулет Дүйсенбек (Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы),

35 кило – Едіге Төлеутаев (Алматы қаласы, «Шаңырақ» спорт мектебі),

38 кило – Алмас Мұсахан (Алматы қаласы, республикалық спорт колледжі),

41 кило – Юсуп Ашрапов (Алматы қаласы, республикалық спорт колледжі),

44 кило – Азамат Ерболов (Талдықорған қаласы),

48 кило – Қуат Армия (Алматы облысы, Талғар ауданы),

52 кило – Медет Ордабай (Алматы қаласы, республикалық спорт колледжі),

57 кило – Айдар Айдарханов (Алматы қаласы, «Шаңырақ» спорт мектебі),

62 кило – Нұрзат Дүйсенхан (Талдықорған қаласы),

68 кило – Әділет Жұмабаев (Алматы облысы, Жамбыл ауданы)

+75 кило – Ақжан Ақайдар (Алматы қаласы, «Шаңырақ» спорт мектебі).

-Кезінде грек-рим күресі бойынша елеулі табыстарға жетіп, КСРО спорт шеберінің күміс белгісін кеудесіне таққан Бақтай Қапсаламов Алматы облысы Сарқан ауданы Қарабөгет ауылының тумасы. Боз кілеммен қош айтысқаннан кейін бапкеріміз туған жеріне қайта оралып, осы спорт түрін өркендетуге күш салды. Шағын ғана ауылдан бірнеше мықты балуан шығарды. Алайда сұм ажал ардақты ағамызды небары 50 жасында арамыздан әкетті. Сол азаматтың құрметіне жарыс өткізуді әу бастан өзім қолға алған едім. Біраз жыл бойы Қарабөгет ауылы азаматтарының қолдауымен айтулы турнирді Сарқан қаласында өткізіп келдік. Міне, енді балғын балуандар Талдықорған төрінде бас қосып, Бақтай Рамазанұлын еске алуда, – дейді жергілікті бапкер Мәулен Мағамбетов.

Тағы бір айта кетерлігі, Бақтай Қапсаламовтың туған жері – Қарабөгет ауылының да жас өрендері осы жарыста күш сынасты. Солардың арасынан Марғұлан Аментай (22 кило) мен Мәрлен Жанұзақ (41 кило) күміс медальді иеленсе, Руслан Нұртай (44 кило) қола жүлдені еншіледі.

ФУТБОЛ

ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА

ФУТБОЛДАН 2020 ЖЫЛЫ ӨТЕТІН ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ІРІКТЕУ ТУРНИРІНДЕ ПОРТУГАЛИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ СЫРТ АЛАҢДА ЛЮКСЕМБУРГТІ ҰТТЫ.

Тартысты өткен кездесудің 39-минутында Бруну Фернандеш есеп ашса, 86-минутта Португалия құрамасы сапындағы «Ювентус» шабуылшысы Криштиану Роналду хет-трик жасап екінші голды соқты. Қарсыластар қарымта қайтаруға қанша тырысқандарымен жауап голын жанкүйерлер көре алмады. Нәтижесінде бұл матчта 2:0 есебімен Португалия футболшыларының пайдасына шешіліп «ЕУРО-2020» додасының жолдамасын ұтып алды.

Осылайша, келесі жылы өтетін Европа чемпионатында өнер көрсететін 24 команданың 17-сі белгілі. Португалияға дейін Бельгия, Испания, Италия, Польша, Түркия, Ресей, Украина, Франция, Англия, Чехия, Швеция, Финляндия, Германия, Голландия, Хорватия және Австрия құрамалары қарт құрлықтың басты додасында бақ сынау құрметіне ие болған еді. Еске сала кетейік Қазақстан ұлттық құрамасы 2020 жылғы Европа чемпионатының іріктеу кезеңі аясында Сан-Марино командасымен кездесті. Нәтижесінде біздің команда 3-1 есебімен жеңіске жетті. Қазақстандықтар бұл көрсеткішке тек бірінші таймның алғашқы минуттарында қол жеткізді.



ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ

ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

ЖАПОНИЯНЫҢ НАРИТА ҚАЛАСЫНДА ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІНЕН ӘЛЕМ КУБОГЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

Биылғы жылдың қыркүйек айында Нұр-Сұлтанда өткен әлем чемпионатының жалпы есебінде алғашқы сегіз орынды иеленген командалар Күн Шығыс елінде өткен айтулы бәсекеде бақ сынады. Бұл тартыс жергілікті балуандардың айқын жеңісімен аяқталды. Жарыс барысында бірде-бір қарсылас шақ келтірмеген Жапония құрамасы финалда АҚШ спортшыларын айқын басымдылық 7:3 есебімен ұтып, әлем кубогын олжалады. Ал үшінші орын үшін сайыс Қытай мен Моңғолия құрамалары арасында да тартысты өтті. Азия құрлығының қос өкілі арасындағы бәсеке қытай қыздарының пайдасына шешілді.

Естеріңізге сала кетейік, 28-29 қараша аралығында грек-рим күресінен әлем кубогының жалауы желбірейді. Осы турнирде Қазақстанның ұлттық құрамасы Иран, Ресей және Куба балуандарымен бір топта өнер көрсетеді. Ал келесі топта Өзбекстан, Грузия, Жапония және Венгрия құрамалары өзара бәсекеге түседі.

ТЕННИС

ДЭВИС КУБОГЫ БАСТАЛАДЫ

Испанияның бас шаһары – Мадридте теннистен Дэвис кубогы жолындағы жарыс басталды. 24 қарашаға дейін созылатын айтулы спорт сайысында әлемнің ең үздік 18 командасы бақ сынайды.

Байрақты бәсекеде Қазақстанның атынан Александр Бублик, Михаил Кукушкин, Александр Недовесов және Андрей Голубев өнер көрсетеді. Александр Бублик, Михаил Кукушкин әлемдік рейтингте 57 және 67 орындағы спортшылар. Бұл – жерлестеріміздің арасындағы әзірге ең үздік көрсеткіш. Сол себепті Бублик пен Кукушкин жекелеген сайыстарда күш сынасады. Ал Недовесов пен Голубев жұптық бәсекеде өнер көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш сайыста жұрт алдына шығатындардың қатарында қосалқы құрамдағы Дмитрий Попко бар. Бұл күндері ол ATP рейтингінде 187 сатыға тұрақтаған. Естеріңізге сала кетейік, биылғы жылдан бастап Дэвис кубогы жаңа форматта өтеді. Алты топқа бөлінген 18 команданың арасынан үздік шыққан сегізі ширек финалға жолдама алады.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Кешіріңіз, мен ұшып кетейін...

БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА БАСТАЛАТЫН ҚЫСҚЫ ЕМТИХАН КЕЙБІРЕУІНЕ АЛҒАШҚЫ БОЛСА, ЕНДІ БІРІНЕ ҮЙРЕНШІКТІ ОҚИҒА. ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ, ЕМТИХАН БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕРЕТІН СӘТ. ЖАҚЫНДАҒАН САЙЫН БІРІ – ҚОРҚЫП, ҚИНАЛСА, ЕКІНШІСІ – ҚУАНЫП, ДЕМАЛЫСТЫ КҮТЕДІ. ӘРКІМНІҢ ОЙЫ ӘР ҚИЛЫ. НЕ ДЕ БОЛСА, БАРЛЫҚ СТУДЕНТ ҚАУЫМЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙ ОТЫРЫП, ЕМТИХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЗІЛДЕР ТОБЫН ҰСЫНАМЫЗ.

Студент асханаға кірсе, жалғыз ғана орын бар екен. Барып отыра қалса, қарсы орындықтағы профессор:

– Бүркіт пен шошқа қатар отырмайды – дейді.

– Кешіріңіз, мен ұшып кетейін – деп екі қолын қанат етіп қағып тұрып кетеді.

Сезден ұтылған профессор емтихан қабылдауға келеді. Әлгі студентті құлату үшін сұрақтың астынан алса да, ол бәріне дұрыс жауап береді. Сосын мынадай сұрақ қояды:

– Сенің жолыңда екі сандық жатты делік. Бірі тола алтын, екіншісінде ақыл. Қайсысын таңдайсың? – Алтынды таңдаймын, әрине!

– Мен ақылды таңдаған болар едім – дейді профессор.

– Әркім өзінде жоғын таңдайды ғой, – деп студент тағы да қатырып кетеді. Профессор әбден ызаланып оның сынақ кітапшасына «Тентек» деп жазып береді. Оны қарамастан алады да студент шығып кетеді. Профессор мәз болып отырса, сәлден кейін студент қайтып келіп былай деген екен:

– Профессор ағай, сіз баға қоятын жерге шатасып, өз атыңызды жазып қойыпсыз, –дейді.

* * *

Студент емтиханда жауап бере алмай қалады да, профессор оған:

– Амал не, сізге екілік қоюыма тура келеді, – дейді. Сонда студент:

– Онда маған асылып өлуден басқа амал жоқ, – деп қалтасынан арқан шығара бастайды. Профессор сәл жұмсарады.

– Жарайды, тапсырмасаңыз да, үштік қояйын. Студент жайлап арқаннан тұзақ жасай бастайды. Профессор қорқып кетеді.

– Жақсы, жақсы! Төрт қояйын! Студент оған назар аудармастан өз ісін жалғастыра береді. Профессордың мүлде есі кетеді.

– Болды, болды! Міне, саған бестік баға қойдым! – деп сынақ кітапшасын ұсынады. Осыдан кейін ғана студент арқанын жинап, шығуға бет алады. Профессор "Ух!" деп бір дем алып:

– Арқаныңызды осында тастап кетуіңізге болады – десе, студент:

– Жоқ тастай алмаймын, алда әлі төрт емтиханым бар! – депті.

* * *

Зоология ғылымының бір студенті биттің құрылысын жақсы біледі екен. Емтиханда қандай сұрақ келсе де кірістіріп айта беретін көрінеді. «Бит – адамның және сүтқоректілердің қанын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер тобы. Оның 3 жұп келте аяқтары бар, олардың ұшында матаға немесе шашқа жабысуға бейімделген имек тырнақтары жақсы жетілген» деп айта жөнеледі екен. Бір емтиханда қой келіп қалыпты. «Қой деген шөп жейтін, төрт аяқты жануар. Қойдың еті тәтті болады. Үстінде жүні бар. Ал жүн болған жерде бит болады» деп биттің құрылысын айтып кетеді екен.

Бір күні емтихан алатын профессор ашуы келіп, бұған жүні жоқ жануардан берейін, бір қатырайын деп студентке балықтың құрылысын береді. Студен сәл ойланып тұрып:

– Балықтар негізінен судағы тіршілікке бейімделген жануарлар. Жүзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі. Олар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс алады. Балықтың үстінде жүн болмайды, ай бірақ жүн болғанда онда бит болатын еді, — деп, тағы биттің құрылысын айтып кетіпті.

ДЕНСАУЛЫҚ

Бүгінде көптеген адам асқазан ақауларынан зардап шегіп отыр. Сонымен қатар сырқатты әбден асқындырып алып, емін таба алмай отырғандардың жағдайы тым ауыр. Саныңызды соғып қалмас үшін, асқазанның ауырсынуы байқалған жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Дәрігердің сізге тағайындайтын дәрі-дәрмектері сізге жәрдем бере алады.

АСҚАЗАННЫҢ ЖЕДЕЛ ҚАБЫНУЫ

Асқазанның жедел қабыну (острый гастрит) кезінде бастапқы 1-2 күнде тәулігіне 1 жарым 2 литр жылы сусын ғана ішуге рұқсат етіледі. Атап айтқанда, оның лимон қосылған қайнаған су, аздап қант салынған шай болуы мүмкін. Одан әрі химиялық, механикалық, сонымен қатар қайнату тәсілдерімен әзірленген ас-судан 2-3 күндік жеңіл, жұғымды емдәм (диета) тағайындалады. Сонымен қатар нан және басқа да ұннан әзіленген тағамдар жеуге тиым салынады. Жұмыртқа мен сүт, кілегей, сары май қосылған сұлы, күріш, жарма, майда ұнтақтан (манная крупа) әзірленген қою быламық ішу ұсынылады.

Күніне бір мезгіл сиырдың, бұзаудың, тауықтың пісірілген, езілген етін немесе буға әзірленген суфле жеуге рұқсат етіледі және сүт, кілегей, езілген жас сүзбеден (творог) әзірленген суфле де дастарқан мәзіріне енеді. Майда ұнтақ, қара құмық (гречка), сұлы, күріш жармасынан сүт немесе кілегей қосып әзірленген сұйық ботқа жеуге рұқсат етіледі. Сүт немесе кілегей құйылан тым қаңық емес шай, шиповниктің тұнбасын (отвар) ішуге болады.

Асқазанның қышқылы жоғарылаған немесе жай қабынуы асқынған кезде бөлек ем-дәм ұсынылады. Онда осы ағза кеселінің химиялық, механикалық сипаттағы жай-күйі, тамақтың асқазанды босатуын тездету, асқазан сөлінің бөлінуін төмендету көзделеді.

Қышқыл жетімсіздігіне байланысты қабыну асқазан сөліне қышқылдың мүлдем жойылуына дейін асқынған уақытта да (анацидттік гастрит) бөлек ем-дәм белгіленеді. Ол асқазанның жиырылуын, асқазан бездерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуді көздейді.

Қышқыл жетімсіздігіне арналған дастарқан мәзірі

- Пісірілгеніне 1 күн өткен, 1-2 сұрыпты (сортты) ұннан әзірленген нан немесе кепкен қалаш (булочка), құрғақ тоқаш (печенье);
- Майсыз еттен пісірілген салма немесе ұнтақтап езілген картоп, асқабақ, сәбіз, түрлі-түсті қырыққабат (цветная капуста) қосылған балық сорпасы;
- Сиырдың, бұзаудың, тауықтың, күрке тауықтың етінен әзірленген котлеттер. Бұзаудың, балапанның, күрке тауық балапанының кесек күйде пісірілген еті;
- Арасына піскен ет салынған немесе жай құймақ (блинчик);
- Айран, қатық не тағамға қосылған күйіндегі жас сүзбе;
- Суға басылған немесе сүт қосқан әртүрлі ботқалар (арпаның, жүгерінің, тарының ботқасынан басқа);
- Лимон қосылған шай, сүт қосқан кофе, какао (сүт қатпаса да болады);
- Көкөніс және жеміс шырыны, шиповниктің су қосылған тұнбасы (жүзім шырыны мен квас ішуге болмайды);
- Жентектелген жеміс, компот, кисель;
- Жас қызанақ салаты, жуасыз пісірілген көкөніс. Есіңізде болсын, асқазанның жедел қабынуына көкөніс пен түрлі шайнап желінетін асқа тиым салынады. Себебі асқазанның қай сырқаты болмасын тамақтануға ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Тамақты аз жеуге көмектесетін әдістер

Артық тамақтану – дұрыс тамақтануды қадағаламау мен кей жаман әдеттердің салдары. Тамақтану процесіне саналы түрде қарап, одан ләззат алуды үйренсеңіз, аз болса да, құнарлы тамақтануды әдетке айналдырасыз. Тамақты аз жеуге көмектесетін әдеттерді ұсынамыз.

Тамақты асықпай жеңіз

Тамақты барынша асықпай жеуге тырысу керек. Жалпы ағза миға тойғаны туралы белгіні кешігіп береді. Сондықтан тамақты жылдам жесеңіз, миға белгі келіп үлгермей сіз біраз тамақ жеп қоясыз. Содан соң ауыртпалық сезінесіз. Ал асықпай тамақтансаңыз, тойғаныңыз туралы белгі де уақытында келеді және дұрыс шайналған тамақ асқазаныңызға да зиянын тигізбейді. Тамақты асықпай әрі аз жеу үшін диетологтар оны таяқшамен немесе белсенді емес қолмен (оңқайлар – сол қолмен, солақайлар – оң қолмен) жеуді ұсынады.

Жалғыз тамақтанбаңыз

Психология саласының зерттеушілері адам біреумен тамақтанса, жалғыз тамақ жегенге қарағанда азырақ жейтінін айтады. Оның үстіне қасыңызда адам болса, онымен әңгімелесіп отыратындықтан тамақты асықпай жейсіз. Ал жалғыз отырған адам, әдетте, тамақты жылдам жеп алады немесе ұялы телефонға алаңдағандықтан көбірек тамақ жеп қояды.

Көбірек қозғалыңыз

Спорттың адам өміріндегі маңызы зор. Үнемі қозғалыста жүретін адамдар бір орында отыратын адамдарға қарағанда бірнеше есе аз тамақ жейтіні дәлелденген. Бұл қозғалыста жүретін адамның тамақ ішуге уақыты жоқ деген сөз емес. Физикалық жүктемелер қандағы қант деңгейін арттырады, сондықтан аштық сезімі азая түседі.

Экран алдында тамақтанбаңыз

Асүйге теледидар қоймаған жөн. Сол сияқты тамақ ішерде ноутбуктен немесе ұялы телефоннан фильм қосып қоймау да керек. Жоғарыда айтқандай тамақтану процесіне саналы түрде қарау керек. Егер фильмге алаңдап отырсаңыз, міндетті түрде артық тамақтанып қоясыз және не жегеніңізді білмей қаласыз.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН



Құрма – көпшіліктің сүйікті қысқы жемісі. Біреулер оның жұмсақ әрі шырынды түрін, ал басқалары қатты сұрыптарын ұнатады. Бұл жеміс дәруменді микроэлементтерге бай және көптеген пайдалы қасиетке ие. Оның құрамында глюкоза мен фруктоза мол болғандықтан 2-3 құрманың өзіне-ақ тойып қаласыз. Құрманың пайдалы қасиеттеріне жеке тоқталайық.

ҚҰРМАНЫ ЖАҚСЫ КӨРУГЕ 5 СЕБЕП

Терінің жалпы жағдайын жақсартады

Құрма теріні сергітеді және балғын етеді. Ол қартаюдың бастапқы белгілерімен де күреседі. Бетке арналған маскалардың көбісіне бұл жемістің сығындысы қолданылады. Үйден өзіңіз жасауға болатын маскалардың рецептілері де көп. Мысалы, құрманың еті мен жұмыртқаның сарысынан жасалған масканы безеу шығуға бейімді теріге қолдануға болады. Ал теріні сергіткіңіз келсе, құрманы үккіштен өткізіп, оны тең үлесте қаймақпен араластырыңыз. Пайда болған қоспаны бет терісіне жағып, 15-20 минутқа қалдырыңыз. Содан соң жылы сумен шайып тастаңыз. Масканы жасарда оны кішкентай тері бөлігіне жағу арқылы аллергиялық реакцияға тексеріп алыңыз.

Қан тамырлар жұмысын қалыпқа келтіреді

Қала тұрғындарына аса қауіпті емес, бірақ жағымсыз вегето-тамырлы дистония деген ауру таныс. Бұл ауру кезінде бас сақинасы, артериялық қысым өзгерістері – мегаполисте өмір сүрудің салдарлары. Олардың алдын алуға құрма көмектеседі. С және Р дәрумендеріне бай құрма қан тамырларға жағымды әсер етеді. Сонымен қатар дәрігерлер тамырлардың түйінеліп кеңеюімен (варикозды аурулар) және тіс қанауымен қиналатын адамдарға құрма жеуге кеңес береді.

Күйзеліс пен анемия кезінде көмектеседі

Құрма темірге бай. Сондықтан оның шырынын анемия кезінде тамақ ішер алдында 50-100 мл-ден күніне 2 рет ішу ұсынылады. Құрма шырыны жүйке жүйесіне күйзеліспен күресуге көмектеседі. Егер қыс бойы осы жемісті уақытылы жеп тұрсаңыз, күні бойы қуатты және жақсы көңіл күймен жүресіз.

Жүрек ауруларына көмектеседі

Құрмада ең көп калий мөлшері бар, сондықтан ол жүрек-қан тамырлар ауруымен қиналатын адамдарға өте пайдалы. Егер жүрек ауруының алдын алғыңыз келсе немесе жүрек ауруларын жеңілдеткіңіз келсе, күніне 3-4 құрмадан жеген жөн.

Қатерлі ісік ауруларының пайда болу қаупін азайтады

Өзінің қызғылт сары түсінің арқасында құрма бета-каротиннің жоғары пайызына ие. Бета-каротин – жасушалар құрылымын бұзатын бос радикалдармен күресетін мықты антиоксидант. Дәрігерлер қатерлі ісік ауруларының алдын алу үшін құрамында бета-каротині бар жемістер мен көкөністер жеуді ұсынады. Оларға қызғылт сары түсті жемістер мен көкөністер, мысалы, апельсин, сәбіз, шырғанақ (облепиха), құрма және т.б жатады.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. НАЗЫМҰЛЫ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс № 1568
Индекс 15534